

# Жүлдөз

Ғалым ҚАЛИБЕКҰЛЫ  
ҚАРА ЕРТІС

Жанат ЕЛШІБЕК  
НАЙЗАГАЙ ЖАРАЛАҒАН ЕГІЗ ҚАЙЫН

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ  
ШЕКСПИРДІҢ ҚАЛАМДАСЫ

11  
2016



## НАЙЗАҒАЙ ЖАРАЛАҒАН ЕГІЗ ҚАЙЫН

1.

Әдеттегі ертенгілік абыр-сабыр. Газет кемірген журналистердің тіршілігі қызық. Оразаларын газет оқымай ашпайды-ау. Баспахана бояуы аңқыған газеттің әр санын асығыс-үсігіс, аударып-төнкеріп, желе жортып шықпаса ас батпайтындей. Бәлки қанға сіңген қасиет. Көз майыңды тауысып, талай мәрте сүзіле шұқышыған газетінді жана қөргендей тағы бір қайталай шолып барып, келесі күннің шаруасына құлшына кірісесін. Осындаи қарбалас сәтте телефон безілдеп коя берді. Жалма-жан созған он қоымды кілт кідріте бөгелінкіреп, бүгілінкірекен бойымды тіктей, шалқая түстім. «Трубканы қөтерсем бе, қөтермесем бе?..». Екіұштылау ойымның күлларшасын шығарған жалпақ бет қара телефон қайта шырылдады.

— Тағы да сол шығар. Еріккен «патриоттен» егесіп, салғыласып отыруға уақытym жок. Қойшы-ей соны. Өзінше шіреніп, кербезденерін қайтерсін. Атын айтудан да жалтарады, әлде сақтанған түрі ме? Даусын қанша құбылтса да сонын өзі. Құдды бір қазактың жоғын жоқтап, мұнын мұндалап, бәйек боп жүрген жалғыз заржақ тек өзі фана сықылды. Мейлі...

Шар-шар еткен телефонның жағымсыз үні құлақ тубінде ұзак жаңғырған. Алдында қобырап жатқан келесі күннің макеттері. Әлем-жәлем, айқыш-ұйқыш бояу-сызықтар. Бәрі-бәрі сөйлеп түрғандай. Үңілген сайын, тесілген сайын ертенгі газеттің әр бетінде жарық-көрер мақалалар мен суреттердің сұлбасынан бар жұмбакты оқығандаймын. Ширек ғасырдан бері макеттің жілігін шағып, майын ішкен біз тәрізді бейбағын болмаса, қырық жыл газете істеп макет-сәкеттің иісі мұрындарына бармай, петит пен боргесті айыра алмай, кегель мен сызықтың түрін жыға ажыратса алмай жүрген салбәкселердің ісінгенін қөргенде еріксіз мырсылдайсын. Тіпті, сол мұсәпірлерің өзаты-жөндерін тасымалдамай қанша квадратқа сыйғызуға болатынын білмейді-ау. Обалы не, менің ескі танысым газетті шекілдеуікше шағады...

— Сөз жок, әлгі бейтаныс оқырманым ертелеңтіп куана телефон шалары анық. Өйткені, қалын көшшілікті елен еткізер екі материал шығып барады. Бірінші бетке «Иттің қуырдағын жеген қазақтар» деген аңы шындықты шыжғырып жазған шағын суреттеме берілсе, ішкі айқармада «Алтын мен мұнайдың үстінде отырған қауқарсыз ел» атты проблемалық сын мақала орналасқан. Егер макетіміз осы күйінде бекитін болса, газетті жата-жастана оқитын талай жанашыларымыз серпіліп қалмақ. Мүмкін, зығырданы қайнаған олардың талаптары да дұрыс шығар. Құлақ түріп көрінізші.

— Еліміздің бас басылымы өстіп «соқыртеке» ойнап, жақ ашпай отыrsa, кім болғанымыз сонда? Жетпіс жыл бойы бас шұлғығанымыз да жетеді. Егемендігімізді алдық, тәуелсіздігімізді жарияладық. Енді кімнен қорқасындар? Кремльге қарап түшкіретін кеңестік жүйенің құлағаны қаш-а-н! Орыстардың қас-қабағына қарап, қашанғы ауыз бағып отырасындар?! Жалтаксындар, азуларың жок. Окта-

текте масаның шаққаныңдай шымшығанға мәзсіндер. Жазбайсындар ма қанын сорғалатып тұрып. «Ұялмай-қызармай нені дейсіндер?...». Жоғарыдағылардың көnlіне қарап, қол қусырып отырсындар, әрине, ештеңе көрмейсіндер. Эйтпесе, өзге басылымдар секілді аға газет екендерінді танытар шақ туды емес пе?! Қазак тілінің мүшкіл тағдыры, ашқұрсақ халқымыздың қаукарсызы құнқөрісі, өз жерімізге өзіміз ие бола алмай отырған дәрменсіздігіміз, өзіміз туып-өскен ауылдарымыз бер елді мекендердің шұбарланып, орыстанип кеткенін, отбасы-ошағымыздан бастап, бүкіл байлығымызға жатжұрттық келімсектердің билік жүргізуі, ең акыры аула сыныруши мен құзетшіні мұхиттың арғы жағынан ұшакпен вахталық әдіспен тасып жатқанын қанжоса етіл жазуға болады ғой. Өтіркіт емес, осынау ақиқат көріністерге биліктің назарын аудармайсындар ма? Қаламды не үшін ұстап жүрсіндер, ә? Кімнен қорқасындар? Неден үркесіндер? Әлде... Үндемейсіндер... Қәнеки, қарсы бірдене деңінші. Менікі дұрыс болмаса, жалған айтып, текке зарласам екіншілай звондамай-ақ қояйын. Өз қолынан келмесе, ана-у-у дөкей бастықтарына, бас редакторына жеткізерсін. Бұл – жалғыз менің ғана емес, жүргегі қазағым деп соққан баршаның тілегі.

Жөні бар лепес. Сабыр сақтап, байыбына тереңірек үнілейікші, осы. Шынымен-ақ, кімді кінәлаймыз? Шындықты әлі де жеріне жеткізіп жаза алмай жүрген басылымның ағаттығы ма? Жок! Жекелеген журналистердің дәрменсіздігі деуге ауыз бармайды. Қаламдарын қайрап, азуларын айға білеп отырған ақмылтық жазармандардың жігерін жасытып, алау екпіндерін су сепкендей тұншықтырған есқі жүйенің тоғышар көзқарасы болса керек. Қолеңкесінен корыққан бастықтардың батылсыздығы мен жалпақшешейлігін ішін құрғыр сезеді. Оқырман ойлары, жүрттың талап-тілектері лездеме сайын айтылып жүр. Бірақ, бұған құлақ асып жатқандары шамалы. Эйтпесе, күн сайын ертегелетіп дабылдатпас еді ғой...

Өз ойыммен өзім шырматылып отырғанда, ілкі мезеттік тыныштықты бұзып, кара телефон қайта безілдеді.

— Алло! — дедім мұдірмей телефон құлақшасын көтеріп.

Аһілеп-үхілеген мұнайсты әйел үні үзіліп-үзіліп естілген.

— Жанатжан, халін қалай? Көп болды ғой хабарласпағалы...

Бөгде ойдан миым әлі тазара қоймапты. Әдина апайды ә дегенде танымай қалғаным рас. Әншейіндегі адудынды даусы жок. Кібіртіктеп, дірілдеп естілген сөздеріне құлак түре, тіпті, о кісі көріп тұрғандай басымды шұлғимын.

— Әдина атай, өзініздің денсаулығының жақсы ма? Қенілсіздеусіз бе, ауырып қалған жоқсыз ба? Кешелі-бері өзім де звондасам ба деп едім. Шаруа килігіп кетіп...

— Түсінем-түсінем. Қырық жыл істеген жұмысым емес пе? Құнұзак редакция мен баспахананың арасында дедектеп жүгіріп жүргенің. Кайта, қазір сендерге жақсы. Бүкіл газет-журнал баспахананың түбіне барды ғой.

— Иә.

— Жарайды. Сенің басынды катырмайын текке мыжып. Танауынан шаншылып макет сыйып жатқан шығарсын. Мені қойшы, бір құн ауру, бір құн сау... Сейдахмет ағаң төсек тартып қалғанға ұқсайды. Элгінде үйіне телефондап едім, трубканы Құләтәй женғең көтеріп, былдыры-былдыры етіп, әрең сейлестім. Тілі жоқ байғұс, әйтеүір, бұрындары телефонға Сейдахметтің өзі келетін. «Әдинаш апайыңым ғой, Сейдештің жағдайы қалай?..» дегенімді ұққандай, жыламсырап, ұзак күрсінді. — Сөзінің сонын жұтып жіберген Әдина апайдың көмейіне өксік тығылып, құмілжі даусы мұлдем құмығып жеткен. — Бір шаһарда тұрып, бір-бірімізді іздемейміз. Жетіп баруға менің де сиқым белгілі. Жүре алмаймын, екі аяғымның бастырмай сал бол қалғаның өзің білесін. Оның үстіне сахарный диабетпін. Қантым көбейіп, оншақты

күн ауруханага жатып шыктым. Біздік ескілікті сыркат. Мына Сейдахметті айтам да, күні кеше ғана мерейтойын бүкіл ел дүрілдетіп өткізіп еді. Енді, міне, азулы арыстанным-ай! Орнынан тұра алмай қалыпты. Жалған өмір-ай десенші. Аланадамай жұмысынды жасай бер. Қатты күйзелген сон, шыдамай телефондағаным да. Мазаламайын, өзін анда-санда звондан тұрсаңшы.

— Түсіндім.

— Бүгін кештеу секілді. Ертең түске шейін ебін тауып Сейдағана барып шығамын. Осыдан түп-тура екі айдай бұрын жаңадан жасаткан жұмыстағы кабинетіне Жакау екеумізді шакырып алып, өткен-кеткенді әнгімелеп, біраз шер тартқатқанбыз. Өні де, көніл қуйі де жаман емес-ти. Сөз арасында «женіл-желпі бір аурудың мазалап жүрген» дегені бар. Оған мән бермеппіз...

— Төтеннен келген пәле кімді аяушы еді. Оның үстіне ағаң өте намысқой, қайсар жан. Сездірмеген секілді...

Еңсемді езген қалың ойдан арыла алсамшы. Көнілім алабұрта құлазып, екі қолым ештенеге бармайды. Құлак түбінде жанғырған Әдина апайдың үрейлі үні, сұсты сөзі:

— Сейдахмет ағаң жатып қалыпты...

## 2.

Сейдахмет Бердіқұлов!.. Ақиқатын айту керек, ұлан-ғайыр елімізде бұл есімді білмейтіндер некен-саяк. Мұның да өзіндік сыры бар. Ширек ғасырдан астам мерзім республикаға таралымы да, беделі де ең жоғары рейтингке ие болған жастар газеті – “Ленинишіл жастың” («Жас Алаш») әр нөмірінен түспеген оның аты-жөнін толқын-толқын буынның өкілдері жаттап өсті десек артық марапаттау емес. Жүректен шықпаған сөздін жүректерге қонақтамайтыны да аян. Эйтпесе, қасиетті де қастерлі қазақ әдебиетінің төріне өзіндік қолтанбағасымен жалтақтамай көтерілген қalamгер ағамыздың шығармашылық әлемі хақында дуалы ауыз ардактыларымыз әрдайым құшырлана сыр өрбітпес еді. Бұл – талантты мойындау, бұл – қalamды құрметтеу!

Осы жерде назар аударапты Сейдахмет аға жайында ақжарма лебіздердің тек туған күн сәттерінде ғана айтылмайтындығы. Өйткені, Сәкеннің қalamынан туған әр туындысы ешкімді бейжай қалдырмайды. Соңдықтан үлкен-кіші сүйікті жазушысының жана шығармасы төңірегінде өз пікірлерін дер кезінде жеткізгенше асығады. Кітап мұхитының ең сезімтал, ең әділ құбыланамасы да – оқырманың ордалы ойы. Көніл сүзгісінен өткен шынайы пікірлерге не жетсін, шіркін!

Ал шәкірт ретінде Сәкен туралы қalam тербеудің жөні мен үшін алабетен қуаныш. Мектеп қабырғасында жүрген қаршадай кезімнен-ақ жүзін көріп, бетпебет кездеспесем де Сейдахмет ағаның өнегесімен, тәлім-тәрбиесімен өсkenімді әркез мактандың санаймын. Сол уақытта “Қазақстан пионері” (казіргі “Ұлан”) газетінің бас редакторы, балауса өрімталдардың Ағасы жас тілшілердің тәй-тәй қадамынан көз жазып қалмауды темірқазық мақсат еткені анық. Бұл ықыласымды тұмардай сақтаған Сәкеннің алпысыншы жылдары өз қолымен жазған хаттары айғақтайты... Албыртабитуриент шакта Алматыдағы Абылай ханданғылыбойындағы редакцияның бес-алты адам сығылысқан аядай бөлмесіне отырғызып қойып, пионер жазының әсерлері жөнінде макала жаздырған күндері санамда кешегідей жанғырады. Әсершіл әрі пәк балажүрек сыр сандығына бәрін де қаз-қалпында құндақтап қойған-ау...

Асыл-тасып төгілген пейіл осында тізгін үстатпай, көнілдегі көрікті ойлардың тарыдай шашырай беретіні бар емес пе?! Қабілетті де дарынды журналистердің қауырсын қalamын ұштап, шеберлігін шындаудың үлкен үстаханасы саналатын жастар газетінде қызмет атқарған он жылымды, “Бердіқұлов мектебінен” дәріс

алған өмірімнің кимас, ұмытылmas кезеңі есептеймін. Өйткені, әр жылы ғасырларға бергісіз алансыз көктемім – жалын шағымда Сәкен-ұстаздан үйренгенім өте көп.

Бұл қунде қаламгерлер қауымы арасында ұдайы ілтипатпен үқілеп айтылатын “Шер-аған – Шерхан Мұртазаев пен Сері-аған – Сейдахмет Бердіқұлов әу бастан-ақ редактор болып туғандар фой” деген пікірдің қазақ журналистикасынан өз орын ойып алғаны баршаға мәшінр. Сол киелі шаңырақ астында оқырманы мен халқы қастерлеп пір тұтқан ағалармен бірге енбек еткен құндерімді жадыма түсірген сайын көніл құмбезі дабылдал, құмбір қаға берері сөзсіз. Өміріміздің өзекті де, түйінді мәселелерін, шетін тақырыптарды, өткір проблемаларды бейне тамырышыдай құнілгеріден дөп басып, батыл жазуға бағыт-бағдар сілтеу – ойы ұшқыр Сейдағанағана тән. Бұл тұста аталған толғакты дүниелерді газет бетіне жарқырап көрінуі, ішкі терең мазмұнына сай сыртқы қөркемделуі жағынан мейлінше жұтынып шығуы және бар. Ол үшін ә дегеннен-ақ мақала тақырыбының өзі магниттей тартып, бүкіл назарды аударып, еріксіз оқыттыруға мәжбүр етуі тиіс. Осынау қағиданы берік ұстанған Сейдахмет ағаның құлакқа құйғаны: “Макет – газеттің киімі, ал қолына іліккен кез келген киімді талғамсыз үстіне жapsыра салмайсын. Демек – газет безендіру де үлken өнер. Орнымен колданылған түймедей штрих, оймақтай детальдың ойнап кететінін ескерген жөн...” Сондықтан да болса керек, ол қызметке алған жігіттерді ең алдымен, секретариаттың тезіне салып, көрігінде шындағап алады. Бұл да тек редактор Бердіқұлов бойындағы назар бөлөрлік көп қырының бірі. Эйтпесе бүкіл ғұмырын газетке бағыштаған кейбір журналист ағайындардың макетке мұлдем мән бермейтіні жасырын емес.

Бітімі бөлек сергек суреткердің журналистік, жазушылық әлемі тұрасында өрілер, тілге тиек етілер қызыл өзегі – кемпірқосақ бояуындаған алуан түрлі тақырып. Идеяға, ойға бай қағілез қаламгердің ешкімге ұқсамайтын дара қолтаңбасы терең үңілуді, жан-жакты зерделеуді қажет етеді. Менінше, Сәкен тындыларының құнарлы да бейнелі тілі ғылыми бөлек енбекке арқа болса керек. Сұлу сөзден сарай сокқан Сәкеннің сикырлы сандығы сүйсінерлік-ақ. Оған айғақ – Бердіқұлов қаламынан дүниеге келген романтикаға толы повесть-хикаяттар, құпиясы қатқабат спорт тақырыбындағы эсселер, әлем ареналарын дүр сілкіндіріп шайқалтқан спорт жұлдыздары хакындағы мәлтек портреттер, публицистикалық ой-толғамдар. Кітаптары мен кемел тындыларының тақырыптарының өзі жүрек пернесін қозғайтыны мәлім. Шебер қаламнан шыққан ғажайып шығармалардың аттарын орайлы тұста есінізге түсіре кетейін: «Сол орамал жоғалмайды», «Егулі найза», «Жұмыр жерде теңбіл доп», «Аспаннан шұға жауған күн», «Мұңайып оянған қала», «Үшінші подъезд», «Жұлдыздар өмірінен бір жолак», «Телегей-теніз сулардан, сенгір-сенгір таулардан», «Пердесіз көніл», «Жүйке жонған тұн», «Арбаған мені бір сикыр» т.т..

Іә, есімі телегей-теніздерден өтіп, сенгір-сенгір таулардан асып, жұмыр жерді шарлап кеткен жазушы жүргегі әсте ұйықтауды білмейді. Әдебиеттегі тұнғыш бойтұмарына балаған “сол орамалын жоғалтпай” егулі найзасы – қаламын қолынан түсірмеген сезімтал суреткердің жүйкесін жонған мұңайып оянған қаланың тіршіліктынысы... Азаматтығын асқақтатар передесіз көніл аспаннан шұға жауған күні – бүгінгі шығармашылық бағының мәуелі саясында желпініп отырған Сейдахмет ағаға әр күнініз мерейінізді есіре берсін деген шәкірттік тілегімді білдіремін. Үлкен жүректі ұстаздың алтыншы асқарына көтерілген кезінде акжарма пейілімді осылайша, кітаптарының аттарымен жеткізгенмін-ді.

Енді, міне, араға бір жыл түскеннен соң...

«-- Кім болды екен, ә?..».

Басын көтергісі келіп, ынғайланып байқастап еді, корғасындаі зілмауыр әлдене екі иығынан басып, тыпты еткізбеген. Үлпілдеген құс жастығының бұрышын ұмарлап-жұмарлап биіктете қос алақанының астына тығындаі төсеп, қырындаң жатты. Гүп бол кара санына дейін ісініп кеткен екі аяғы өзінікі еместей. Эйтпесе, еркіне бағынып, ілдәлдалап қимылдатпас па? Жок, мұлдем қозғалмайды-ау, қозғалмайды.

Шынымен-ақ сырбаз ақын Сыrbайдың айтқаны дәп келгені ме, калай? Еріксіз жымынып, күбірлекендей:

*Жанартаудың жалыны едім бүркәған,  
Өзендердің ағыны едім шырқаған.  
Мен өзімнен алыс кетіп барамын,  
Тұмандарға тұмшаланып қымтаған.*

Ал, сыршыл Сағи ақын өкісікті өкінішін байлайша төгілтеп пе еді:

*Көп болды ғой мінбегелі құр атқа,  
Шарт түйілін шықпағалы қыратқа.  
Асауларды ақ сорнағын келетін,  
Кайран кездер қалып қойды-ау жырақта.*

Ой арманын алаңсыз шарлаған атакты ойшыл ақын Қадыр ұзақ өмір мәнін қыска шумакқа астарлап түйгені де есте:

*Табиғаттан қол үзу де – бір қайғы,  
Күйбең тірлік қызығынды ұрлайды.  
Банкеттегі хрустальдің сыңғыры  
Жапырақтың сыйбырына тұрмайды.*

«Тауып айтады бәрі де...» Құбір соны ауыр күрсініске ұласқан...

Демеу етерлігі, еті қашып, бұрынғыдан бетер түксие түскен қаршыға қабағының астындағы шүнірейген жанарларының оты қайтпаған. Қырық кулаш шыныраудың түбіндегі тұнғық мөлдірдей жылтырайды. Үн-түнсіз қалпы қыран қызығын әйдік терезеге тесілте қадаған. Екі-үш күн бұрынғанға аядай бөлмені тұмшалап тұрап қос қатар пердені шешкізіп, алып таstatкызған-ды. Ақшанқан жұқа шілтерді тұра берсін дегенине де көнбеді. «Немене, ұлан жазға түнде Суықтөбенің жұлдыздары жамыраған ашық аспаны астында үйіктайтынбыз. Құндіз – даланы, түнде – жұлдыздарды көріп жатайын...». «Қандай ақылдылық жасағам...» Ол үшар басын мамыражай мамырдың майда самалы баяу терберген қос қайынға ынтыға көз салды. Бұрала майысқан ғашық-қайындар шаттана ырғалады. Мың-сан жыптыраған жапырактар Алатаудың акбас шындарына өрмелей көтерілген күннің шұғыласына шағылысып, тенгедей жалт-жұлт етеді. Ізғарлы қөктемнің жылы демі ап-анық сезіледі-ай. Дүн-дүние марғау үйқысынан әлдекашан ояныпты...

Ақын-жүрек тағы да толқығандай. Рас. Тіпті, ауыздығын қаршылдаткан бұла асаудай тулағаның қайтерсін. Әйтпегенде ше! Сұлу сөзден сарай салатын Сейдаған спорт сиқырының ұнғыл-шұнғылын шертер туындыларын кіл поэзия тілімен жеткізуге құштар. Ұшқын шашқан көздері бөлекше күлімдеген. Ойы сөнбепті. Сергек те, серпінді. «Кайын хақында, жапырақ жайында жырламаған шайыр жок шығар-ау, осы. Ұлы Абай «Сілкіне алмас жапырақ» деп түп-туралар менін казіргі мүшкіл, мұсәпір хәлімді суреттеген сиқылды. Тұмашым өмір-баки қайынды жырлаудан есте жалықсайышы. «Қолдарындаі қәрінің қалтырайды жапырақ» дегенді сол өзіміздін Қадыр ақын айтқан еді ғой. Ал шұу дегеннен-ақ өлеңдерінің терендігімен шашасына шаш жұқтыраған, көкөрім он алты жасында тұсауын «Ленжасым» кескен бала-

ақын, дана-акын Мұхтар Шахановтың нәзік те, нәрлі лирикасы жас таңдамайтыны қандай ғанибет. Айтпақшы, оның «Танакөз» поэмасын тұнғыш рет өзіміздің «Ленжаста» мен жариялаған едім. Жастық гимні ғой! Одан кейін де қайың туралы, жапырақ туралы қашшама ақын ой тербеді десейши. Осына жарық дүние аман тұрса өлі де талай мәрте жазылар. «Сыбырлашы, жапырақ, сырынды...», «Дірілдейді жапырақ өлгісі келмей...», «Жылайды жапырақ, жылайды жапырақ...», «Тереземді ұрманыдаршы тамшылар», «Жанымның жапырактарын біреулер үзіп жүр...», Шіркін, орындағ алмаған бір арманым өзіммен бірге ішімде кетіп барады. Өкінбеуіме де болар. Кейінгі ұрпактың өршіл, өрелі, өжет өкілі жүзеге асырап. «Ленжастың» («Жас Алаш») тұтас бір нөмірін қазак ақындарының өлеңдеріне арнаса. Жалғыз ортақ тақырыбы – «Жапырактар».

Тұнғиык ой да діңкелетеді екен. Ол көзін сығырайтып ашқан кезде барып анық байқады. Қалжырал шаршағаннан мызықып-ақ кетіпті. Қол созым тұста, әйнектің ар жағында сүйіскен сүйкімді ак қайыңы қөнілдене билеп тұр. «Сонда қашша уақыт үйіктағам. Үят-ты...». Алай-дулей жел соғып, Алматының селді нөсері жер-жаһаның берекесін қашырғандай. Әлгіндегі мың-миллион жапырактар қолды-аяққа тұрмай, жанұшыра жалпылдайды. Сағатынан үзілген әлжуаз, мезгілсіз сарғайған сыңар жапырактар ауда бүрісіп, қалқып жүр. Кардиограммадай сезімтал жүрек секем алғандай, бойы шымырлап коя берді. «Қандай коркынышты!..». Құнғұзак іздеген жоғын тапқандай лезде бөлекше әсерге бөленген. «Мұқағалиды ұмытып кете жаздапын...». Басын шалт көтеріп, ағыл-тегіл жылап тұрган терезеге шаншила тұсті. Қатқыл даусының қалай шығып кеткенін өзі де сезбей қалған-ды:

*Жапырақ жүрек, жас қайың!*

*Жанымды айырбастанын.*

*Сен адам бола бастасаң,*

*Мен қайың бола бастайын.*

*Келісесің бе, жас қайың?*

*Бар-жоғы менде бір жүрек,  
Ол өлсе мәңеі кеткенім.*

*Сендеңі семсе мың жүрек,*

*Келгендей жасы қоктемің.*

– Иә, кім біліпті? Әүл, әлде тереземді шертіп тұрған менің сонғы қоктемім бе, екен!.. Мүмкін-ау?.. Жо-о-қ... Осы, Мұқағали да бауыр берішіне шалдықты емес пе? Печень цирроз болатын...

Бірте-бірте құмығып, сыйырлай естілген үнін төтеннен қылқындыра жабысқан аңы қеккетел тұншықтырып жіберді. Екі қолын ербендетіп, қиқылдан-шиқылдан, ебедейсіз қорбандал түкіргішін іздеген. Жым-жылас. Қөнілін сұрап келген біреу-міреу көріп қала ма? Қайда жасырғаның білмей, анырған күйі ағаш төсегінің басындағы көлдей мамық орамалмен аузы-басын қымтай ұзак жөтелді. Қолқасын жыбырлатқан күрғақ қақырық не әрі кетпей, не бері шықпай қатты есенгіреткен. Болар-болмас тық-тықтың өзі қансорпасын шығарғандай. Суық терге малышынған. Сәл саябыр мезетте айғайлай дабыстаған:

– Эй, Занғар!.. Шынарка! Шынар... Гауһар... Келсенші біреуін мұнда... – Әдетінше үл-қыздарының аттарын тізбелеп шақырған.

Тыптыптыптып, аяғын сүйрете басып есіктен Күләттай жеңгей жәудірей сыйалаған.

– Ы-ы-м... Се-д-еш!.. Нн-е-е?..

– Келші, жанымға отыршы, – деді ол мейірлене, ынтыға сүзіліп. – Балалар үйде жоқ па? Ешқайсысы үнде мейіді. Е-е... Менің есімнен тарс шығып кетіпті. Занғарға

командировканнан қалма дегем кеше. Шынарым түстен кейін келем деген. Қазір жетеді күнім...

— И-ә!.. — Бәрін жан дұниесімен түсінген Құләттай жалғыз ауыз сөзді үзіп-үзіп әрен айтқан беті төсектің жиегіне жұмсақ тізе бўкти.

Екеуі бірін-бірі жана көргендей. Құлімдеген көздері де бірін-бірі жоғалтып ала жаздал барып, сағына тоғысқандай. Жылығышыраған жанарлар ештеңе айтқызыбай ұғысқан. Қырық жыл жүптары жарасқан олардың катар тұрып айнаға қарамаганына да біраз боп қалған. Екеуі де сыркат. Екеуі екі бөлмеде жатыр. Бірінде тіл жоқ, екіншісінің аяты тұрғызыбайды мешел кісідей. Қайран өмір-ай, ұстараның жүзіндегі аударылған! Қүйеуінің жузіне түйіле үнілген Құләттай жанарындағы мөлтілдеген жас тамшыларын тыя алмады. Шойындағы арысының күшип ку сүйекке айналғанын, әбден арып-азып құр сұлдері қалғанын енді ғана анғарған. Бет-аузы бір-ақ уыс. Адам танығысыз. Сүйегіне жабысқан терілері катпарланып, құлак шекесі мен мойын тамырлары көкбілеуленіп шалынады. Өз көзіне өзі сенбейді-ау. Қемейіне тығылған лоқсықты тежей алмай енірегендеге барып, Сейдахмет тұнғызық жанарынан ыршып түскен жалғыз тамшыны сұқ саусағының ұшымен елеусіз сүрткен болды. Иле ежелгі қайратына басып, жігерлі тіл қатты.

— Жаным Құләттай! Сен, немене, жылап отырсың ба? Қой, өйтпегін! — Он қолымен аяулы жарының басын аймалай сипалады. — Құләттайым, менің! Құр бекер егіліп, сөгілме. Текке қалжырап қаласың. Өзің-өзін бекем бол. Мені аяп, мұсіркеме. Сейдешінді өзің жақсы білесін. Азып кеткен түрімді қөріп қатты шошығаныңа қайранмын. Қара да тұр, әлі-ақ екі аяғымнан тік басып кетемін. Қарғыс атқыр отыз жетінші жылы әкем Бердіқұлды «халық жауы» деп иттегенге айдан кеткенде де «қыңқ» еттегенмін. Үпір-шүпір үш баламен зарлап қалған сорлы анам Бәтимаға көз жасымды қөрсетуге ұялған едім. Намыска тырысып жыламадым. Безбүйректіктен емес, «жігіттіктен». Онда мен бар-жогы төрттемін. Иә, небәрі төрт жаста болатынмын. Ұлы нәубеттің улы тырнағынан аман қалған бұл Сейдахметің ажалдың қаншенгеліне онайшылықпен мойнын тоспас. Шүкір, Алланың пешенемізге жазғанын бірге қөрерміз. Қалқып өстіп отырғанымда ешқашан мұжілме. Онсыз да сен бір өліп, бір тірлігесін. Ендігі жерде анау балаларын мен немерелерін жүнжіп кетпегей. Алтын босағамның алтын қазығы өзінсін, Құләттайым! Өкініштің, өзінді өмірінің акырына дейін аялай алмадым. Талайлы тағдыр, жалған дұние. Маған аяны, бұл желдей ескең, селдей көшкен өмір махаббатпен басталып, махаббатпен аяқталса керек. Кешегі бақытты шағымыз әлі-ақ қайтып оралады. Солай емес пе, Құләттай...

— И-ә!.. Сей-де-шім ме-н-ің!..

Басын қайта-қайта шұлғыған Құләттай жып-жылы, жұп-жұмсақ алақандарымен жарының селдір шашынан, еті қашқан маңдайынан, пышактың қырындағы суалған жағынан еркелете, еркелей сипаған. Аялы алақандары сұп-сұық денесін балбыратып жібергендей. Көз жасын көлдеткен ол ымдал терезені көрсетті.

— Сен сиякты жанбыр да жылап тұр ғой бүгін.

— ?..

— Айтпақшы, Құләттайжан, әлгінде звондаған кім? Бағдат шал ма?

— Ио-о-h... — Ол басын шайқады.

— Бәсе, о пірәдар алдыңғы күні ғана хабарласқан тәрізді еді. Сұлеймен емес пе?..

Әлде...

— Ап-ап-а...

— Е-е, телефондаған Бұбіхан апаң ба? Не дейді? Бибіханды айтам...

Былдырлап жұтынып, әлсін-әлсін қолы мен басын катар шайқап қиналған ол кішкентайларша күйеуінің көрпеден ашық жатқан жалаңаш білегіне саусағымен

әріп таңбасын сыйып көрсөтті. Элгіндегі жайдары жүзін мұңайыс табы торлағандай. Түсіндіре алмағанына әбіржулі. Мұны бірден сезе қойған ол:

— «Ө» ме, әлде «Ә» ме? Қайтадан жазып көрсетші, — деді құлімсіреп.

Ол «таптың» дегендей балаша қолдарын шапалактап жіберді. Іле-шала баттитып әлденендей әріптің сұлбасын жазуы мүн екен.

— Бұл жолы дәл тапқан секілдімін. Меніңше — «Ә!».

Алабұртқан бетінде куаныш сезімі ойнаған ол басын изеді.

— Ендеше айтайын, бағана бізге звондаған қалалық әкімшіліктегі Әсем қарындастым шығар.

— Йо-о-h! Ап-ап-а...

— Сәл сабыр ет. Қазір, казір... Ә-ә... Кім бар еді? Табамын. Ә-ә... Әдинаш апан.

— О-о-x! — Жерден жеті қоян тауып алғандай орнынан ұшып түргелген Құләтай Сейдағаның басынан, бетінен аймалай сүйді. Kіreuke қабағы жазылып, мұнды дидары ажарланып құлімдегенін көріп ерекше сергіп, айрықша серпілген. Әйнек біткенді шытынатып жіберердей төпелеген сұық жанбыр да әлдеқашан басылған. Жауынға бетін жуған әсем Алматының көгілдір аспаны да шайдай ашылған. Іліп алар шөкімдей бұлт жоқ. Тап-таза, мөп-мөлдір. Көк күмбезіне тесілген қалпы ол:

— Құлқісі де, көңілі де лағылдай пәк, кайран менің, Құләтайым! Ертең сені не қүтіп тұр? — деді ішінен құлази қубірлеп. — Менің естіп қарайып отырғаным да біршама қуат, ғажап сес екен-ау?! Не істей алмакпын. Қанаты сынған аққұым!.. Бір құдайға тапсырдым өзінді. Ұл-қыздарын бар. Жалғызыратпас...

#### 4.

— Жанатай жүр, баспахранага барып келейік. Келесі күннің макеттерін Эрнест пен Әскердің өздері сыза берер. Мен саған «Ленжастың» қай жерде беттелетінін көрсетіп, верстка цехымен таныстырайын. Бүгін Әдина апайдың кезегі. Екі-үш сағат жаңында отырып, техредактордың жұмыстарын өз көзінмен көргенің жөн.

Тікелей бастығым, жауапты хатшының орынбасары Серік Әбдірайымов редакцияға бас сұққан мені құйрық бастырмastaн дедектетіп ала жөнелді. Шынын айту керек, әуелде мен Секенің айтқандарын толық түсінгем жоқ. Әйтеуір типографияға баратынымды үққандаймын. Қекбазардың тубіндегі атшаптырым аумакты алып жатқан ЦК-ның төрт қабатты алып баспахранасын жақсы білемін. Студенттік төртжылдастипендияға қосымшаталғажу болғаназын-аулақ қalamakaыны осы ғимараттың екінші қабатындағы бухгалтериядан алатынбыз. О кезде қalamaka айна екі рет берілетін. Алматыдағы жиырма-отыз газет-журналдың барлығына да қalamakaыны осы жерде үlestіреді. Өйткені, үлкенде-кішілі басылымдардың каржылай қожайыны — партияның Орталық Комитетінің баспахранасы. Бухгалтерия ортақ, касса ортақ. Ал гонорардың денін алатындар ақын-жазушылар мен журналист ағайындар. Бұкпесіз шындық, бұл жерге өз басым болар-болмас тын-тебен үшін емес, мүйізі қарағайдай-қарағайдай, күні кеше ғана мектеп оқулықтарынан суреттерін тамашалайтын ақын-жазушыларды көру үшін асығатын едім. Әрине, бәрін бірдей топырлатып ұшырата бермейсін-ау. Ыңғайы солай. Кайсыбір үлкен-кіші қalamgerлердің жүздерін шырамытканмен, аты-жөндерін жыға білмейтінім де жасырын емес. Өзім пір тұтатын ұбак-шұбак мықтылардың сапында катар тұрғаныма мәзбін. Ен алғаш Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мұсіреповті көріп, сәлем беріп, кол алысқан күнімді мәңгі ұмытпаспсын. Аядай кассаның табалдырығын «О-о мына серкелерден бізге ақша қалмас» деп әзілдей аттаған қос алыпты көрген бойда бірін-бірі итере-митере ошарылған жазармандар жапа-тармағай жылыстап, құрметпен төрге оздырды. Жігіжапар жапырылған олармен бірге мен де Сәбен мен Ғабана қолымды ұсынғанмын-ды. Тағы бірде әйгілі әскери жазушы Бауыржан

Момышұлын, бұйра-бұйра ақшулан шашының өзі Каспийдің акжал толқынындағы Әбу Сәрсенбаевты, жастардың ен сүйікті ақындары саналатын Олжас Сүлейменовті, Қадыр Мырзалиевті, Тұманбай Молдағалиевті алғаш көріп, жүздескендегі әсердің толғаныс-тебіренісін сөзбен бейнелеп жеткізу мүмкін емес-ау. Баспаханаға барған сайын есебін тауып, бірінші қабатта толассыз басылып жататын газет-журналдарды сығалап, қызыға тамашалауды да ұмытпайтынбыз. Мұнда студент кезімде институттың «Педагог» газетін шығаратын редактор, әрі ұстазым жазушы Төкен Әбдірахманов еki-үш рет алып келгені бар.

Не бәрі үш-төрт аялдама болатын жерге автобус күтпестен-ақ, жаяулатып жетіп келдік. Төмендегі түрлі-түрлі цехтарды асықпай аралатып, жоғарыдағы этаждағы штрихтар мен фото-суреттерді мырышка құятын арнаулы цинкография мен қорғасында әріп теретін линотип цехтарын жол-жөнекей таныстырып келе жатқан Серік ымдал дабыр-дұбыр шуынан құлақ тұнатын газет басатын ұлан-ғайыр конвейер цехына да бас сұққызыған. Мен үшін бәрі қызық, бәрі тансық. Ойымда ештеңе жоқ іркес-тіркес, қабат-қабат, түрлі-түсті «Литературная газетаның» жаңа нөмірінің ішектей созылған ұзын лента бойымен жоғары өрмелеп бара жатқанын көріп, аузым ашылып анырып бөгелінкіреп қалыптын.

— Жүр тез. Элі талай мәрте келесін бұл жерге, — деді ол жеңімнен тартып.

— Қайда барады? — Таңырқаған күйде көмейіме жетіп келген жұмбак сауалымды қойдым.

— Жоғарыға, сұрыптау цехына... Сонда буып-түйеді... Одан ары экспедиция бөліміне... Сосын арнайы пошта мәшинелеріне тиеліп, әуежайларға, темір жол вокзалдары мен автостансаларға. Сөйтіп өз оқырмандарына асығыс жол тартады. Түсіндің бе, Жанатай?! Көп жүрт газеттің қалай шығатынынан бейхабар. Мехнаты мен машақаты мол бейнетті кәсіптің өз рахаты, өз қызығы да толып жатыр. Ендігі жерде журналистік жанкешті жұмыстың ыстық-сұғының бірге өткізетін боламыз, бауырым. Ал журналистика көрігі де жалыны бет қаратпас мартен пешінен кем болмас. Әп дегенде осыны бар болмысынмен, түйсік-танымынмен жете үққайсын.

— Рахмет, Секе! Қолымнан келгенше тырысып бағамын...

Менің күмілжи шықкан үнімді сартылдатып газет басқан комбайн іспетті арабақ-сарбақ, қонқиған мәшинелердің шуы естіртпей жіберген. Буылтық-буылтық баспалдақтарды шыырлап биікке өрмелеген ол үн-тұңсіз қорғасын иісі бұрқыраған ошеті мен бұ шетіне көзің жетпес данғарадай кезекті бір цехқа бастай берді.

— Мінеки, бұл — газеттер беттелетін, яғни верстка цехы, — деді жетекшім қаз-қатар тізілген станоктарды иегімен мегзеп. Кілт тұра қалып, құлағыма сыйырлай сөзін жалғастырды. — Айтпақшы, бір жайды ескертуді ұмытып барады екенмін. Әдинаш апайды «Әдина апай» деп атағаның дұрыс. Мінезі шатақ, аса киын кісі. Орынсыз қырына түсіп қалма. Абайсызда «Әдинаш апай» десен шәт-шәлекейі шығып ашуланады. Әрине, тектен-тек куырмайды. Тәртіпті жақсы көреді. Жұмыстағы анау-мынауды бүгежектемей, тіке редактордың өзіні звондап жеткізеді. Так, что...

— О-о, міне, апайдың өзі... Сәлеметсіз бе... Сәлеметсіз бе, Әдина апай?

— Аманбысын, Серік?! Негып ертелеңіп жүрсін? Верстканы жаңа бастап жатырмыз. — Қолында үйме-жүйме темір-терсегі бар аласа бойлы, жирен шашты, етженділеу сары әйел тарсылдап қоя берді. — Еки-үш күннен бері графикке зорға ілігіп журміз. Набордың жартысы әлі терілмепті. Мастерлердің шаңын қағып келемін. Бұ неғылған тәртіпсіздік. Біздің редакцияның жігіттері де кінәлі. Терілетін материалдарды баспаханаға тым кеш жөнелтеді. Оның үстінін перепечатканы шала жасайды. Қолмен түзетілген қателерден көз ашпайсын. Әр бетте еки-ақ түзету болуы керек. Ал біздің оригиналдар шимай-шатпақ. Шерханға звондасам, орнында жок. Әлі Египеттен келмеді ме? Қалдарбекке кеше де, бүгін де хабарласып, бар жағдайды

түсіндірдім. Ен құрығанда бірер күн макетті терілген дайын материалдардан сыйсандаршы. Досылды көбейтіп жібердіңдер.

— Дұрыс. Ескереміз айтқаныңыздың бәрін...

— Әйтпесен болмайды! Жағдайымыз қындау... Өзге газеттер сияқты біз де уақытында шығайықшы...

Бастығым басын шұлғып, үндеңей тыңдал отыр. Қимыл-қозғалысы да, қарлығынқы тарғыл даусы да жосықсыз, қораштау көрінген ерек пошымды апайдын бетіне тұра карай алмай, имене қымсынған мені енді ғана көргендей, бүкіл денесімен маған бұрылып:

— Мына жетектеп жүрген көзгелдірігің кім? – деді дүңк еткізіп.

— Әдина апай, бұл жігіт біздің жана қызметкеріміз. Аты-жөні – Жанат Елшібеков. Баспахананың жұмысымен, Сізбен таныстырайын дегенім да. Жұмыска, секретариатқа алып жатырмыз...

— Әлгі кроссворд жасайтынның өзі ме?

Өзімше «қандай қыын, қырсық адам» деп топшылаған бейтаныс апайдың аудынан шыққан жағымды сөз ішімді әжептеуір жылытып жібергендей. Еңсемді көтеріп, бойымды тіктей түстім. Бірауыз сөздің құдіреті. Төбесіне түйінкіреп жинаған қалың шашының құлақ шеке тұсына бір емес, екі қаламсапты бірдей қыстырып қойған оның бетіне ұрлана қараймын. Қаламның бірі екі басы бірдей ұшталған бояу қарындаш екен. Соны қолына алып үстелді тықылдата бастады...

— Дәл өзі. ҚазПИ-ді бітіріп жатыр. Мұндағы шаруаның жайын өзініз түсіндірерсіз.

— Дұрыс екен. Немене, макет сызу кроссворд құрастырудан қыын емес шығар. Үйренеді, үйретеміз... Тек ықыласы болсын...

— Иә. Колынан жазу да, сызу да келеді. Кішкене көзі канықсын.

— Эрине, әрине... «Көз – қорқақ, қол – батыр» демей ме...

— Онда мен редакцияға қайта берейін. Рұхсат етсеніз.

— Жарайды, Серікжан. Бұл жақтағы шаруаны маған тапсыр. Өздерің әлгі айтқан ескертпелерімді тездетіп, дұрыстап бір жолға түсіріндерші. Әйтпесе...

## 5.

... Жоқ, мен қатты қателесіппін. Әдина апай енбек тәртібін алғашкы орынға қоятын өте талапшыл, артық-ауыз сөзді жаны сүймейтін нағыз іскер төхред екен. Сырт көзге әу баста адуынды көрінетін шайпау мінезі көптің қамы үшін, қызмет барысындағы шырылдауы екен. Оны мен келе-келе анық анғардым. Газет жасаудың ұнғыл-шұнғылын бес саусағындаі жетік билетін, баспа-полиграфия ісінің, әсіресе, техникалық жұмыстардың қыры мен сырын еркін менгерген санаулы қазақ қыздарының санатынан есептелетін ол барынша өзгелердің алдында төменшіктемейді. Қайта, керісінше цех мастерлері мен бастықтарымен тен дәрежеде қарым-қатынас жасап, ұлттық газеттерге деген өгей көзқарастарын өзгертулерін емеурінмен-ақ ұқтыратын. Эрине, айғай-шумен емес, құр байбаламмен емес, нақты іс-әрекеттерімен, акыл-парасатымен, биік мәдениетімен талап ететін. Оған менің көзім біртіндел жете түскендей. Бірде верстка үстінде әріп терушімен ілінісіп қалған Әдина апай өз-өзіне келіп, сабасына түсken жайма-шуақ мезетінде әнгіме әуенін өріден өрбіткені есте.

«Мен бұлармен бостан-бос айғайласады дейсің бе? Бізге, қазактарға деген пиғылдары ұнамайды. Көрмейсін бе, кеше ғана табалдырық аттаған шөпжелкенің шіреніп, басынғысы келеді. Рас. Біздің бозөкпелерге қарағанда өздерінін еттері тірі. Пысық. Бара жатқаның – балтасын, келе жатқаның – кетпенін тартып алады. Бізді қазақ газеті деп менсінбейді. Алалағанда сұмдық. Наборды уақытысында

термейді, кешкін графиктен сәл кешікsek акт жасап қоқандайды. Ең ақыры цинкографиядағылар клишемізді басқа газет-журналдардан кейін барып жасайды. Мұның бәрі әншейін ұсақ-түйек көрінуі мүмкін. Бірақ, қалыпты жағдай ретінде, атусті қарамауымыз керек. Әстіп жағаласып жүргенің. Өзің байқаймысың. Бүкіл баспахананы жаулап алды емес пе? Директордан бастап өңкей шовинистер. Шілдің қыындаі біздің қызы-жігіттер әр цехта қадау-қадау, шашырап жүр. Қаракөздеріміздің басқа бараТ жері жок. Жалғыз мақта-мата комбинатынан басқа. Бұл – ұлтшылдық емес. Қалайша қаның қайнамас. Сонда немене, біздің қолымыздан газет жасау келмей ме? Намыстан өліп кете жаздайсың. Уақыт өтер, заман өзгерер...».

Обалы не керек, Әдина апайды бүкіл баспахана қызметкерлері айрықша құрметтеп сыйлайды. Үлкен-кішісі, бастығынан бастап, қосшысына дейін алдын кес-кестемей, сонарадайdan құрап ұшып хал сұрасар еді. Оқта-текте типографияға, беттеліп жатқан газет-журналдарын көруге келген Әбу Сәрсенбаев ақсақалдан бастап, Жұбан Молдағалиев, Мұзафар Әлімбаев, Сырбай Мәуленов, Әнуар Әлімжанов, Тельман Жанұзақов, Faфу Кайырбеков, Шерхан Мұртазаев, Сейдахмет Бердіқұлов, Қалдарбек Найманбаев тәрізді аты-жөндерінен ат үріккен әйгілі тұлғалардың «Әдинаш-Әдинаш» деп еркелете аялағанына талай мәрте күә болғанмын. Эу баста естігенде «жалғыз әріпте түрған не бар?» деп ұшқары ойлағаным рас. Сөйтсем «Әдинаш» пен «Әдина апайдың» астарлы сыры тым теренде жатыр екен. Қарапайым төхрөдектор, қастерлі азамат Әдина Нұғыманова беделін айғақтар осынау деректі әдейі айшықтап қыстырыдым.

Баспаханаға алғаш барғанда Әдина апай газет беттейтін қыздармен таныстыра жүріп, күрделі бір жайдың ұшығын сездірген. «Бізге ешкім жоламайды. «Ленжастың» версткасы өте қыын, макеті әлем-жәлем» дейді орыс-қазағы. Беттеушілердің көбі «Социалистік Қазақстанға» жүгіреді. Сықиған «СК»-ның материалдары да, макеті де қарадұрсін. Кіл бір форматпен, екі жарым квадратпен терілген макалаларды ішектей шұбатып, тастай-тастай салады. Суреттері де оймақтай-оймақтай бірдене. Не материалдың ажарын, не беттің дидарын ашпайды. Эрине, жанынды жеп, миынды шайқап жұмыс іstemеген жерде киял кайдан болсын, фантазия кайдан болсын?! Біздің «Ленжасқа» ондай сүренсіздік жараспайды. Алау жүректердің істері де өздері секілді жарқырап көрінгені дұрыс. Әйтеуір, қазіргі іріктелген мына беттеуші-қыздардың жұмыстарына қөнілім толады. Шетінен қағілез, жаңалыққа құмар... Тек орынды штрих-детальдарды, жақсы сызылған макеттерді әдемілеп жасатуды жіті қадағалау керек... Секретариаттың кезекші жігітінің үлкен міндеті осы, қарағым...».

«Ленжастың» беттеушілері Ася Бережко, Маша Шувалова, Надя Вафина, Тамара Поповалар да Әдина апайдың қас-қабағына қарап қимылдар еді. Бір қызығы бет жасаушылар айқыш-ұйқыш сзыылған макеттердің нобайларына қарап-ақ, назар аудараТ оймақтай әшекей мен тосындау безендіру элементтерін оп-онай сезетін. Корғасын линейкаларды қолдан әүпірімдеп, үйтіп-бүйтіп иіп, клишелерді жонып-кесіп, ұшқір біздерімен саусақтарын сан рет қан жоса жарапап жүріп, макеттің ажарын ашар күрделі жаңалықтарды ойдағыдай орындауга бар күштерін салатын. Ынта болған жерде, құлшының болған жерде сәтті ізденістер де үйлесімді жемісін көрсетсе керек. О кездегі газетті полиграфиялық көркемдеуді бүгінгі компьютер кезеңімен еш салыстыра алмайсың. Қиямет-қайым. Бір секөнтта, бір минөтте орындалар операцияларды қарапайым қолынмен қиуластыруға бірнеше сағатың кетеді. Сондықтан да жоғарыдағы қызы-келіншектерді баспахана ұжымы «Алтын қолды шеберлер» деп ерекше даралап, төбелеріне көтеретін. Бұл да Әдина апайдан тараган өнеге ұшқындары. Және бір көніл аудараТлық жәйт – жоғарыда аталаған әр ұлт өкілдері Әдина апайдың қатаң да, әділ талабының арқасында тілдерін сыйндырып, қазақша сөйлеуге бейім тұратын. Қызыл империяның қылышынан қан

тамып түрған сұрқия заманың ығынан бұқпаған апайдың өжеттілігін өзгелер де ерекше бағалайтын.

Газеттің техникалық редакторы ретінде секретариаттың «сәулетшілері» сыйған макеттерін, ондағы орналастырылған ұлкенді-кішілі материалдардың мазмұнына сай, мейлінше көз жауын алардай жұтынып шығуын қатан бақылайды. Әсіреле, очерктердің, өлеңдер мен әңгімелерді киіндірге келгенде «мұндай дүниелерді қызын жинаған жүгіндегі құлпыртуымыз керек» дейді.

— Жұрт не десе о десін, Сейдахметтікі дұрыс. «Макет — үлкен өнер». Шерхан Жазушылар одағына «Жалын» журналына Бас редактор боп кетіп, орнына Сейдахмет келгенде катты қуандым. Нағыз редактор, газет жасаудың хас шебері. Талапшыл, идеясы мол. Фантазиясы керемет. Тәуір макалалардың мандайын жарқыратып көрсетудің бірнеше жолы бар. Ең алдымен, материалдардың айдары, тақырыбы тартымды болуы керек. Лирикалық дүниелердің аттары ор киікше ойнап тұрса, сатираптың әңгіме-сықақтардың өзіне тән шрифтерін құбылткан жән. Ал көркем очерктердің, әңгімелердің, новелла-суреттемелер мен толғакты беделсөздердің тақырыптары газеттің кез-келген бетін ашканда көзге атойлад шалынуы тиіс. — Қолындағы шрифтер тізімінің үлгілері көрсетілген каталог-кітапшасын қайта-қайта сапырган Эдина апай өз ойын одан әрі сабактаған. — Біздің баспаханадағы наборлар түрі мен тақырыптарды беретін шрифтер өте жұтан. Қазақша қаріппер түгел емес. Кейбір жекелеген әріптердің тапшылығынан, қолым жіпсіз байланып, еріксіз трафаретке барасын. Жақсы шрифтерді жиі қайталауға болмайды. Жұртты мезі етеді, жалыктырады. Өзің ойлаши, адамдар құн сайын неге ботка, иә болмаса бірыңғай ет жей бермейді? Оқырмандар аппетитті де осындей. Сейдахмет құнара звондап жатады. «Правдадағы» анау әріп, «Известия» мен «Литгазетадағы» тақырыпты терген мана бір әріп түрі бізде неге жоқ?» дейді. Өзімше түсіндірген боламын. Баспаханадағы «әріппер магазині» қорындағы қазақша қаріп турлери мүлдем селдір. Азын-аулақ барының өзі тартымсыз, мүлдем ескірген эстетикалық тағамға сай келмейтін сояудай-сояудай ағаш танбалар. Патша дәүірінен жеткен сүрексіз «жәдігерлер». Сейдахметтің ойы да, идеясы да өзгелерден көш ілгері. Әттен, қолында дәрмені жоқ. Жаңашыл, басы толған тың тақырыптар. Алдағыны байқағышта, көргіш. Өзі өте батыл. Сондыктан да әркімнін алдына түсіп алып жортқатамайды да, жалтактамайды. «Ленжастың» тиражын әлдекашан бір миллионға жеткізетін еді. Амал нешік, аяғынан шалатындар көп...

## 6.

...Адам жады ұшқыр-ау! Бейнелеп айтсақ, дыбыстан да жүйрік. Қайта оралмас сағынышты жылдардың елесін әп-сәтте көз алдымға қаз-қалпында жеткізген Эдина апайдың сезі құлақ түбінде ұзак жаңғырган. Шүкір, бәрі-бәрі сол күйінде қылаусыз көлбендейді. «Ленжасқа» — бұдан бұрын осы қасиетті шаныракта жаупаты хатшы болған Сейдахмет ағаның редакторлық тізгінің ұстаған кезі менің де есімде.

Алпсынышы-жетпісінші жылдары “Лениншіл жастың” данкы дүрілдеп тұрды. Қалың оқырманның сүйікті газетіне айналған басылымның тізгінін абыраймен ұстаған Шерхан Мұртазаев эстафетаны Сейдахмет Бердіқұловқа берді. Коммунистік (казіргі Абылай хан) данғылының бойындағы №63 ғимаратта орналасқан бір топ редакция қысылып-кынтырылып, әр бөлмеде 6-7 журналист жұмыс істейтін. Шағын үш қабатты үйдің журналистері бір есіктен кіріп, бір есіктен шығатындықтан өзара әбден таныс. Көтеріліп бара жатып, түсіп келе жатып қауқылдаса амандасып, құрақ ұша қауышып мәре-сәре. “Қазақстан пионері” газетінің (казіргі “Ұлан”) редакторы Сейдахмет ағаны бұрыннан жақсы білемін. Ол кісі де мені өзінің юнкоррь ретінде үнемі күлімдеп қарсы алып, жылыұшырай іш тартып тұратын. “Ленжасқа”

қызметке кіргенімде әкемдей қуанған жандардың бірі. Редактордың кабинетінің кіреберісіндегі секретариатта отыратын менін арқамнан қағып:

— Осында орналастың ба? Өте тамаша болған еken. Бұл жер — көрігі қайнап тұрған қасиетті ұстахана фой...

Шынын айту керек, о кезде бұл сөздердің астарына да, мәніне де тереңірек үнілгенім жок. Алакандай дәліз-бөлмеде Сәкенмен жи үшырасатын болдық. Әйткені, ол құн сайын не түске дейін, не жұмыстың сонына таман Шерхан аға жолығады. Ұзак отырып әңгімелеседі. Эрине, әңгіме де, сыр да газет төнірегінде. Оны біз өз бастығымыздың аузынан жи естіміз: “Жаңа Бердіқұлов кіріп шықты маған. Мына очерктерін, анау проблемаларың жақсы еken дейді. Бүгінгі нөмірдің макеті тәуір дейді. Ал, әнебірі әлсіздеу... Мінеки, жігіттер, көрдініздер ме? Нениң ұнайтыны, нениң ұнамайтыны...” Осы тақылеттес сурет жи қайталанып, Шераған да жігіттерді жи сілкіп алатын.

Ештеңені зерделей қоймаған бозым жүрек бізге “Бердіқұлов бас экспертиз бе, еді?...” деген ой келетін. Сөйтіп жүргенде... көп ұзамай Сейдахмет аға “Ленжасқа” редактор бол сарт ете тусти.

Жаңа бастық келісімен іле-шала газет-журналдар жаңа жайға көшті. Көкбазардың түбінде асқақтай бой көтерген тоғыз қабатты Баспасөз үйінің жетіншісіне жастар газеттері орналасты. Архитектураның соңғы жетістіктерімен салынған алып ғимараттың биік еңсесі қаламгерлердің мерейін де өсіріп жіберген. Жеке-жеке кабинеттерді иемденген журналистер де жігерлерін жаңып, құлышына еңбек етті. Әр бастықтың өз жұмыс стилі, ұжымды басқару әдісі бар. Жаңашылдыққа құмар, тұла бойы тұнған идея Сәкен журналистердің таланты мен қабілет-қарымын ортақ арнаға жұмылдыруға ерекше күш жұмсады.

— Қаламгерлердің нағыз ұстаханасы саналатын басылымның беделі мен абыройына дақ түсірмеуіміз керек, — деген ол бір кездегі сөзін қайталап. — Ол үшін өткір де қызықты, жұрт қекейіндегі мәселелерді жазуымыз тиіс. Әсіресе, тікелей жастар өміріне қатысты ең өзекті, ой салар тың тақырыптарды газет бетіндегі диспуттар мен пікірталастарға айналдырыған жөн. Спорт тақырыбына айрықша көңіл бөліуміз тиіс. Жарыстар күнделігі деңгейіндегі майда-шүйде ұсақ хабар-ошардың сыртында бұған дейін көтерілмеген, жазылмаған үлкен спорттың үлкен проблемаларын, спорт санлактарының портреттерін, ұлттық спорт түрлерін, әлемдік спорттың тіршілік-тынысын әр қырынан тартымды әрі тұшымды жазуымыз керек. Қай материалды болсын жұтындырып жазумен бірге, әдемілеп безендіріп, көркемдеп киіндіріп, бірден көзге ұратындағы көрсетуге назар аударатын боламыз. Ен бастысы, газеттің макетіне мән берген дұрыс. Макет — үлкен өнер. Макет дегеніміз газеттің киімі фой. Әдемі жүргенді, әдемі киінгенді, сүйкімді көрінуді өздерің қалай ойлайсындар. Меніңше, газет те солай — айшықты, ішкі мазмұнына сыртқы ажары сай болып шықса нұр үстіне нұр. Мен айтып отырған ұстахана көрігінің шоғы да қызуы да еш бәсендемей қайнап жатқаны аблаз.

Бағдарламалық толғакты ойларының бір парасының шетін шығарған Сейдахмет аға барлық бөлімдердегі жігіттерді ауыстырып, олардың әр бөлімде бір, ұзаса екі жыл отыратындарын қатаң ескерткен. Ойы баршаға мәлім. Журналистердің бесасспап, яғни барлық бөлімнің жұмыстарын, ерекшеліктерін еркін менгеріп шығуына көніл бөлу. Сол секілді кейбір журналистерді, қызметке қабылданған қауырсын қалам иелерін газеттің бас штабы — секретариаттың ыстық-суығына салып, шындалап алуды дәстүрге айналдырыды. Ен жауапты буында жүріп жас жігіттер газет материалдарының қалай әзірленіп, қалай теріліп, қалай беттелетініне көз қанықтырады. Шрифт түрлерін, тақырып кегельдерін, терім форматтарын, суреттер мен штрихтарды үлкейтіп-кішірейтудің небір құпиялары мен жұмбактарын үйреніп алатыны сөзсіз.

Осы орайда бүгінде республикаға белгілі журналист-жазушылар Серік Эбдірайымов, Эрнест Төреканов, Әскер Исақов, Жақау Дәүренбеков, Жарылқап Бейсенбаев, Ергали Сағатов, Қали Сәрсенбай, Қайырбек Асанов, т.б. Сәкеннің тұсында “Ленжастың” секретариатында тезге түсіп, шындалған майталман макетшіктер.

Секретариат көрігінен өтіп әбден іі қанып, болаттай суарылған журналистер кейін басқа бөлімдерде жүргенде өздері жазған дүниелерді, түрлі топтамаларды қыздың жиған жүтіндей әдемілеп, тартымды етіп сыйып, әспеттеп макетке түсіргендеге еш қиналмайтын. Мұны шығармашылық ұжымда істейтін қаламгерлердің бәрі жақсы түсінеді. Әйтпесе, бүкіл ғұмырын газетте өткізіп макеттің іісі мұрнына бармайтын әріптестеріміз де жетерлік. Өкініштісі, сол макеттен мәнгүрттердің секретариат жұмысына жөн-жосықсыз араласып, білгішсініп, “акыл” айтуы. Өзім бірге енбек еткен он бір бас редактор мен соншама орынбасарлардың ішінде Сейдахмет стиліндегі басшы іліп аларлық санаулы. Себебі, бүгінде “Мұртаза мектебі”, “Бердіқұлов мектебі” деген қалыптасқан тіркестердің катарында басқалар да айтылар еді ғой. Амал нешік, ондайлар жоқ. Жасырып қайтеміз.

Аз уақыттың ішінде ұжымның құрметіне бөленіп, қадірменіне айналған Сейдахмет ағаның асыл бейнесін ардақтаған шәкірттері әрдайым оның есімін мақтандыспен ауызға алады. Үлкен ұстаздың үлгілі үрдістері бұл күнде әр жүректерде сайрап жатыр. Бұдан отыз бес-кырық жыл бұрын айтқан Аға сөзі жадымызда жаңғырып тұрғандай:

“— “Лениншіл жас” қазақ журналистер кадрларының ұстаханасы ғой. Оның көрігі әрдайым қайнап тұруы туи!..”

...Кешегі “Ленжас”, бүгінгі “Жас Алаштың” ұстаханасы өз көрігін баяғыша ғұжылдетіп тұр-ау...

## 7.

Дайын көлікке қарамай, редакцияның іргесіндегі Панфилов саябағын кесіп, жаяу тарттым. Кешелі-бері ойым сан-сакқа бөлініп, қолым ештеңеге бармай, мазасыз күй кешкенмін. Екінші әкемдегі боп кеткен Сейдағанның өр тұлғасы жанарымнан кетсейши. Төрт-бес аялдамалық жерді қалайша лезде жүріп өткеніме таңырқап, жанжағыма алақтап көз жүгіртіп тұрғанда таныс дауыс естілген:

— Сәлеметсіз бе? Бесінші қабат, оныншы пәтер ғой, — деді жүзі сынықтау шалынған Қыдырбек Рысбеков бауырым.

— Білемін-білемін... Талай рет келген, талай ретолосаларды әкелген үйіміз емес пе бұл...

Бір-бірімізді қас-қабактан айтқызбай ұғысқан Қыдырбек екеуміз аз-кем халжағдай сұрасып бөгелінкірегенбіз. «Жақсы болды сенін кездескенін. Жалғыз өзім катты ыңғайсызданып келе жатыр едім. Жүрші, бірге барайықшы. Сосын қайта шығып кетерсін...» Сөзімді жерге тастамаған белгілі спорт журналисі, Сәкеннің сүйікті шәкірттерінің бірі, қай кезде де елпілдеп ұшып жүретін елгезек інім жоғары өрлей, жол бастаған. Ілтегі салынбаған есікті аша бергенде-ақ:

— Бұл қайсын? — деген ағаның жұмсак үні шыкты.

Әлгіндеңі дүрсілдеген жүргім куана саябыр тапкандай. Жаймашуақ.

Кіреберіс он жақтағы әйдік залға сығалай мойын бүрған Қыдырбек:

— Біз ғой, аға, — деуі мұн екен.

— Ой, Қыдырбекжан! Немене бірденені ұмытып кеттің бе? — деп анырган Сейдаған сонынан ілескен мені байқап қалды. — Жанатпысын, кәне төрлет...

Былқылдаған белгілі креслода кос қолын қанатша жайып керіле отырған ұстазымды аймалай құшқатап сәлемдестім.

— Аға, денсаулығыңыз қалай? Күләтай тәтемнің жағдайы бұрынғыдан тәуір ме?

— Жаман емеспіз, қарағым. Ептең-септеп... тұрып кетсек дейміз. Газеттерінді сүзіп оқымасам да, ұдайы қарап қоямын. Сүлеймен деген жігітім күн сайын қобырайтып, бір капшық поштаны тенкитіп әкеп тастайды. Өтірік айтып мактандайтын, қазір «Ленжасымнан» басқасын шолып-шолып қана шығамын. Сендер мұныма ренжімендер...

Ірықсызыдау ауыр жыныс Сәкең жан қиналысын сездергісі келмей, бар назарын үлкен үміт күттетін ізбасар інісіне аударды.

— Ау, Қыдырбек айналайын, мына Жанат көкенді жақсы танисын. Өзін «ағалап» аузыннан тастамайтын Несіптің жерлесі көрінеді. Бізден «СК»-ға қызметке кетіп бара жатқанда бір-ақ білдім. Балқаштың жағасындағы балықшы ауылы «Көлпірліктен» екен. Оншақты жылдай бір шаңырақтың астында коян-қолтық қатар жұмыс істегендегі тіптен естімеппін. Имандай шыным... Көп жүрт мені жыға түсінбейді. «Бердіқұлов өркөкірек, жершіл, рушыл» деп ойлады. Кайдан білсін?! Мен жігіттерді қабілет-қарымына, ісіне адалдығына қарап бағалаймын. Сатқындықты кешірмейтінім рас. Осылардың ешқайсысын алалаған емеспін. Құдайшылығын өздері айтсын. Әйтпесе, мына Жанат пен Несіптің бекірелі ауылдан екенін білер едім фой.

Құрыс-тырысы жазылған Сейдаған рахаттанып құлді. Кірпияз ағаның қас-қабағын бағып, андаусыз оғаш бірденені айтып қалып, көніліне қаяу түсіріп алмайын деп отырған қалпынды өзгертіп, өзіл ұшын шығардым.

— Сіздікі дұрыс, Сәке! Өзіңіз бізді әділеттін ақ жолымен жүргүре тәрбиеледіңіз редакция табалдырығын аттаған қүннен бастап. Журфактың соңғы курсында біздің газетке өндірістік практикаға келген Несіп Жұнісбаев пен Ғабиден Құлахметов екеуін бөліп-жармай, мен баскаралың «Эскери-патриоттық тәрбие және спорт» бөлімінде бекітіп бергеніңіз есінізде ме?

— Иә, онда тұрған не бар?..

— Ештеге жок. Бірақ, екеуі де менің бауырларым болатын. Бірі — ауылдасым, екіншісі Балқаштың арғы бетіндегі Аягөзден деп айта алмадым...

— Дұры-ы... Менікі жай әшейін әңгімемізге тиек болсын дегенім да... Оның үстінен талапшыл да, тәртіпті завотделдің тезінен өтсін... дегенім еді...

— Сіз көрегенсіз, аға. Үш ай болсын, жарты жыл болсын менің алдынды қоріп, ақыл-кенесімді алған шәқірттеріңіз ұялтпады. Несібіңіз мүйізі қарағайдай «Спорттың» бас редакторы, ал Ғабиденің Жазушылар одағының хатшысы әрі шоу бизнесмен...

— Өте орынды айтасын. О заман мен бүгінгі жағдайды салыстыру мүмкін емес. Арасы жер мен көктей. Адамдардың пифылы да өзгерді. Шет-жағасын көріп те жүрсіндер. Өз басым сендерді әлі күнге сырлас досымдай санаймын. Бәрінен де газет шығарудағы қазіргі жаналықтар, әсіресе журналистикадағы еркіндік катты қызықтырады. Осынау бостан дәүірдің мүмкіндігін әлі де өз дәрежесінде пайдалана алмай жүргенімізге жаңым ауырады. Шіркін-ай!.. Біздің кезімізде болғанда... Амал нешік... Компьютерінді білдік пе?..

Қанға сінген ғадет. Шыдамай менің орнымдағы редакторларға звондасам, ескертпелерімді аяғына дейін естімей, зыптылдан әлденеге бұрып жібереді. Мүмкін, олардің дұрыс та шығар. «Бұл заржак шал жайына жүрмей ме?!» деуі сөзсіз. Жалпы, «Анатілі» газетін Жарылқап Бейсенбаев өте сәтті шығарып отыр. Басылымның бағыт-бағдарын жүргімен сезіп, тани білгеніне ризамын. Ақселеу «Білім және еңбектің» түрін де, мазмұнын да, керек десеніз атын да жұз сексен градусқа өзгертіп жіберді. Тамаша! «Егемендеріңің» «Газет ішіндегі кітапшасы» ұнайды. «Комсомолқада» баяғыдан бар үлгі. Ал «Қазак әдебиеті» газетіне доллар курсы мен базар бағалары неге кажет? Түсінсем бұйырмасын! Әр газет-журнал өз шаруасын білуі керек кой.

Айта берсен...

— Мен козғалайын...

Ілкі сәттік тыныштықты бұзған Қыдырбектің емеурінін сезе қойған ол жанарын терезеге қадаған күйі.

— Бауырым, сен жүре бер. Рахмет, айналайын. Жұмысыннан қалма. Мына Жанат аған екеуміз Сүлеймен келгеше әңгімелесіп отырармыз. Бибіхан апаларың да келіп қалар. Бізге екі-үш кесе шай беретін шығар. Құләттай тәтелерінді газ жаққа жолатпаймын. Қүйіп қала мадеп коркамын. «Мен тірі түрғанда от пен суға жақында ма деуші едім, шыр-пир боп. Ендігі түрім мынау?! Отырсаң тұра алмай, тұрсаң жата алмай әбден қиналам. Балалардың жүргегін ауыртқым келмейді. Қайтейін? Тілеуің бергір, баспада табысқан Сүлеймен Мәметов деген жазушы інім туысынан артық серігіме айналды. Құн құрғатпай бір мезгіл қасымда жәрдемші болып, елпілдеп-ебектеп жүр. Ал Бибіханды өзін жақсы білесін. Ол — «Ленжастың» анасы ғой...

Қаккан қазықтай отырған орнынан тапжылмаған оның сөзінін соны әлтіндегіден тәріп сыйырлай естілген. Құлазыған қөніл қүйін шаршанқы жүзі ап-анық анғартады.

— Аға, демаласыз ба?.. Бөлменізге апарайын ба?..

Алақанын баяу көтерді үн-түнсіз. Сәл-пәл жұтынып тыныстаған соң:

— Бүгін сендер келіп, еңсем әжептәуір көтерліп қалды емес пе?! — деді ежелгі әдетінше бетіме тесіле қарап. — Мықты жігіт. Талай шаруаны тындырды. Жаңағы Қыдырбекті айтам. Қаламына адал. Мұндай қасиет көбімізде жоқ. Несіне жасырамыз. Атакты боксшы Мақсұт Омаровтың басын қарайтып, ескерткіш орнатқызыды, шырылдан жүріп. Кезінде оның сауапты бастамасын мен де қолдап жазғанмын. Ел есінен шығармай ардактап, тағымы етер топжарған санлактар көп-ақ. Әлгінде оған қадап-қадап ескерттім...

Әбден қалжыраған тәрізді. Найзагай-намыстан жаратылған жан-аға сөйлеп отырған бойы мызғып кеткен. Екі көзі тарс жұмулы, болар-болмас тыныстыайды. Қол-аяғы балғадай, тіп-тік, шып-шымыр асыл азаматтың кешегі сымбаты жоқ. Бір уыс боп қалыпты-ау. «Кайран, Сәкө!» Кім көріпті осындай дәрменсіз, мұсәпір халінізді?!. Өз көзімे өзім сенер емеспін. Ғажабы сол, ойы сергек те, тұнық. Бәз-баяғы қыран қалпы үркек қөнілге демеу. Қас-қағымдық мұлтіген тыныштықта киялым талай жерді шарлап, әлдекашан ұмыт болған сүйікті ағаға қатысты түрлі-түрлі оқиғалар мен жағдаяттарды еске түсірген. Сағым жылдар жаңғырығы бәрін-бәрін дабылдатқандай, қылыш-қылыш күйге шомдырғандай. Бір ысып, бір сұып... Бір қуанып, бір мұңайып... Өстіп қанша уақыт ой орманын аралар едім. Сезімтал Сәкенін секемшіл жүрегі дір ете қалмаса...

— Ой, Құләттай, ұйықтап тұрдың ба? Жанатжан ғой, таныдың ба?.. Бибіхан апан да келе жатқан сияқты. Тақасының тықылы анық естіледі...

— Ии-ә... Иә...

Қалай байқамағанмын! Қарсы беттегі есіктің көзінде, босағаға құлімсірей сүйеніп тұрған Құләттай женгемнің қолдарын аялай ұстадым. Танығаны қөнілді әлpetтінен ап-анық анғарылады. Асты-үстіне түсіп хал-жағдайын сұрап жатырмын. Ол да мәз... Былтырығы Сәкенін мерейтойынан кейінгі көруім...

— Айналайын қарағым, барлық жай өзінде аян. Осыдан оншақты жыл бұрын операция столынан оянғанда тіл-аузы байланып, қол-аяғы салбырап, жүре алмай қалды емес пе?! Айдың-қүннің аманында мұндай қасіретті кім күтті дейсін? Дұшпаныма тілемеймін. Сон-а-у киын-қыстау шақта мын болғыр әлгі Ержұман орынбасарым сүйеу де, тіреу де болған еді. «Аға, әлі-ақ сөйлеп те, жүріп те кетеді. Біз бармыз, жігіттер бар. Тәтеміздің қас-қабағына қараныз» деп еді. Міне, содан бері қашшама жыл сырғыды. Шүкір, қалкиып, ілбіп келеді байғұс. Жаны сірі екен. Жұрттың, балаларының тілеуі шығар. Құнұзак бөлмесінде жатады да қояды. Ойда

жоқта қатарына менің қосылғанымды көрмейсіндер ме? Тосыннан құрығына алған бул сырқаттың түрі жаман. Ішім сезеді-ау, сезеді...

Сонғы жарты жылда ауруханаға жи түсіп жүрмін. Жігіттерден үят. Өткенде өтінішімді жазып, министрге, Сәрсенбаевқа кіріп шықтым. Алтынбек нағыз азамат екен. Жас болса да көргені қөптігін байқатты. «Сейдаға, алансыз емделініз, қаралыңыз. Жаңадан ашылған «Балаусаны» аяғынан тік қойып берініз. Ынғайына қарай кеңсөнізге бас сұғарсыз. Үйде отырып та ойыңызды жігіттеріңізге түсіндіріп дегендей, қызметінізді істеніз. Баспаға өзім арнайы барып, бүкіл ұжыммен сойлесіп, бар жағдайды жеткізем. О жағына еш қиналмаңыз...» деген соң біршама серпіліп қалғаным рас. Кей күндері тіпті, тәуір боп қалғандай сезінемін. Миымда жүргендерімді тездетіп жазғым келеді. Аға-досым Шықан да әлсін-әлсін звондал, қанаттандырып қояды. Шынғыс Айтматовты айтамын. «Жақсы, бір білгіш дәрігер өзінді тексеріп, қарап шығады жақында. Қорықпа...» дейді кеше де хабарласып...

— Қалайсындар, — деген Бибіхан апайдың даусы жарқын-жарқын естілді. — Е-е, өздерің қызу әңгімеге кіріп кетіпсіндер... Халдерің қалай?..

— Жаңа ғана айтып отырғанмын, өкшеннің тықылын, бірінші қабаттан естігеннен-ақ.

— Қойши, Сейдахмет! Сенің құлағын...

— Айтпақшы, есінде ме, Жанатжан? Бая-ғы-да Оралхан бастаған жігіттер редакцияның кәсіподак тәрағасы Төлен мен мына казнечей-апанды алдап түсіріп, бастанғыға бергісіз бір вечер үйімдастырғанын...

— Рас-рас, — деп күлген Бибіхан апай шыдамсыздана ас үйге қарай бұрылды.

Осы мезетті пайдаланып ұстазымнан рұхсат сұрадым.

— Жарайды, қарағым... Рахмет! Біраз уақыт отырып қалдың, секретариаттың жұмысын білемін ғой. Қолың қалт еткенде бізді ұмытпай келіп тұрсанышы. Өзіңмен шер тарқатып, тәуір боп қалған секілдімін...

Сейдахмет ағаның үйінен бойым да, ойым да сергіп шықтым. Ауыр дертпен үн-түңсіз айқаскан қайсар жанның ерен ерік-жігері көnlімдегі кіrbіндерді тасталқан еткен. Ертengі атар таңға үлкен сеніммен көз тастаған ұстаздың өткенде жанғыртқандағы бал-бұл жанған жарқын жүзі айрықша қуантқандай. Әлгінде өзі шет-жағалатып жеткізген оқиғасы есіме орала береді...

“Лениншіл жаста” істеп жүрген кезінде жазушы Оралхан Бекеев бір күні жұмыска келе жатып дүнгіршектен орден секілді жылтырақ значоктар сатып алады. Жұмыска келген соң секретариатта танертеңнен мұрнынан шашыла макет сыйылап жатқан Алашыбай Есмағамбетовке “Мә, саған сыйладым” деп әлгінің біреуін бере салады. Алашыбай оны костюміне тағып, макетін сыйып отырғанда әріптесі Төлен Қаупынбаев кіреді. Алашыбайдың өніріне көзі түсіп кеткен Төлен:

— Оу, мынауын не? — деп сұрайды.

Алашыбай Оралханға қарайды. Оралхан көзін қысады. Оны түсіне қойған Алашыбай:

— Орден ғой, Төке, — дей салады жүрдім-бардым.

— Орден дейсін бе, ей? Қашан алдың? Не үшін алдың? — деп Төкен де тыққатай түседі.

Алашыбай да мұдірмейді:

— Әскерде Сібірде жүргенімде қалын орман ішінде өрт болып, екі тәулік бойы “тілсіз жаумен” арпалысқан едік. Сол енбегімізді бағалап командование орденге ұсынған болатын. Алуға үлгерменгенбіз. Артымыздан жіберілті, кеше военкомат шақырып алып, соны табыс етіп еді...

— Оу, мынауын үлкен жаңалық қой! Коллектив неге білмейді? Бұндайды жасыруға болмайды, — деп Төкен бөлмеден шұғыл шыға жөнеліпті.

Әңгіменің аужайын байқап тұрған Оралхан одан бұрынырақ барып газет редакторы Сейдахмет Бердікүловқа бар жайды айтып, бастықты үндемеуге қөндіріп кояды.

Сәкен Оралханның ізінше алқұн-жұлқын аптығып жеткен кәсіподақ комитетінің төрағасы Төкенді мұқияттыңда, ұсынысын құптағандай емеуірін білдіреді. Содан койшы, бір істі бастаса жеріне жеткізбей тынбайтын Төкен тездептіл mestком мүшелеріне шешім шығартып, ақша бөлдіріп, жігіттерді гүл мен қышқылтымға жүгіртпі жіберіп, хат бөлімінің даңғарадай бөлмесінде дастарқан жайғызып, шағын жиынды ашып кеп жібереді ғой баяғы.

— Жолдастар, ұжымға жаңадан келіп жатқан мына Алашыбай деген жігітіміздің қуанышы бар екен. Куаныш болғанда да үлкен қуаныш. Анау-мынау емес Ерлік жасапты. Үкімет пен партиямыз сол ерлігі үшін оны орденмен наградтапты... Соны кеше әскери комиссариаттан алып кепті...

— Қандай ерлік екен?

— Алашыбай, қандай ерлік дейді. Өзің айтып берші, кәні тындастық, — деп Төкен сөзді Алашыбайға береді.

Алашыбай да өтіркіті шындағы ғып баяндап беріп, сөзін:

— Эрине, менің орнында кез келген совет адамы осылай жасаған болар еді, — деп Төкен аяқтайды.

Осы кезде Оралхан орнынан атып тұрып қалтасынан тағы бір жалтыраған значокты суырып алып:

— Маладес, Төке! Сізге де бір орден, — деп Төкеннің омырауына тағады.

Жұрт ду күлкіге батады. Қатты сасқалақтап, мән-жайды енді ғана түсінген Төлен де ойланбастан:

— Рахмет, рахмет! Алашыбай “ормандағы өртті сөндіргені үшін” алса, бұл маған сендердің “іштеріндегі өртті” сөндіргенім үшін берілген марапат деп білем, — деген екен.

Осынау комедиялық көрініс менің көз алдымға әлдеқашан ұмыт болған тағы бір суретті қаз-қалпында көлбендettі. Бауыр басқан жастар басылымынан «СК»-ға ауысқаныма екінші жылдың күзі. Кабинетіме асығыс-үсігіс кіріп келген мал шаруашылығы бөлімінде аға әдеби қызметкер бол істейтін әріптесім Болат Асанбаев:

— Жүр, тездепті Сейдахмет ағаны құттықтап шығайық, — деді сықырлауық есікті ашып-жауып. — Бәкеннің өзі, Қызырбекұлы айтты. ВЛКСМ-ның бірденесін алғанға үқсайды. Түскі үзіліске кетіп қалмай үлгерейік...

— Жөнін дұрыстап түсіндірші... Қандай награда?..

— Болсаншы ырғалмай, одан да бұрынғы бастығынды дер кезінде құттықтап, колын қыспайсын ба?.. Бара-жата көрерміз не алғаны...

Лифтіні құпестен жетінші қабаттағы «Ленжасқа» баспалдақпен дедектей өрледік. Дабырлаған бойы кабылдау бөлмесінің табалдырығын аттар-аттамастан бөгелінкіреп қалған Болат күрдастың үні күмілжі естілді. «Обедке кетіп қалған ба? Элі ертерек емес пе?..»

— Сығалап көрсөнші... Орнында отырған шығар...

Іле-шала жарқылдай сөйлей кірген оның ізінен ілесе ішке ендім.

— Жоғары награданыз құтты болсын!

— Аға марапатынызбен! Куанып жатырмыз...

Айрықша арқа-жарқа қарсы алған Сейдаған әдептегі паң қалпын өзгертуей, пейілдене алғыс лебізін ағыта бастады.

— Рахмет, айналайындар! Өздерін де осындағы құрметке жетіндер... Жағдайларын қалай?..

Сәкенің сөзін бөліп, орта жолдан киілкен Болат елпілдеген күйі:

— Значогыңыз тамаша екен. Жалт-жұлт етеді, — деді тесіле үңіліңкіреп.

— Е-ей, Болат-ау, сенің значогың не сандырақтап тұрған? — Табанда нілдей бұзылып, бұыркана ашуланған Сәкенің түрі де қаракүренітіп кетсін. — Білесін бе, бұл ЦК комсомолдың ең жоғары құрметті атағы. Кім көрінгенге үстата салатын анау-мынау сөлкебай емес. Ол тек үздіктердің үздігіне, таңдаулылардың таңдаулысына берілетін биік атақ. Мәселенки, оған ғарышқа барып келген космонавтар, Солтүстік полюсті бағындырыған нағыз жүрекжүтқандар, тағы сол сықылды ерен еңбегімен танылған даралар ғана ие болады... Түсіндін бе, енді? Почетный знак!.. Пионер мен октябряттың значогы емес...

Таусылып, қаһарланып сөйлеген Сәкен әрән токтаған. Біз ләм-лим жақашпадық. Аланғасар достың аузынан қапылыста шықкан жалғыз сөз екпіндең келген арынымызды су сепкендей басқан...

Кабинеттен қалай шыққаным есімде жок.

## 8.

Бекзат та аса дегдар қаламгер Сейдахмет Бердіқұлов “Лениншіл жастың” тізгінің ұстаған қимас жылдар әркез сағынышпен жаңғырады-ай... Жаны да, жүргегі де бөлекше ағаның бастық ретінде үстанған бағыты мен максаты да — дара. Өйткені, басшының небір түрін көрдік кой. Ертеден қара кешке кабинетінен шықпайтын, бірақ редакцияда күнібояй не болып, не қойғанын, кімнің кімге кіргенін, ең ақыры не туралы сөйлескеніне дейін компьютердей қаз-қалпында сайратта жөнелетін Тікбакай бастық. Керісінше өз қызметкерінің қай бөлмеде отыратынын білмейтін, тіпті олардың аты мен фамилиясын үнемі ажырата алмай шатастырып жүретін Жаңғалақ бастық. Қайта-қайта қоңыраулатып құйрығынды жер ііскетпейтін Дызылдақ бастық. Өнешінен “бие бүгімен, түье түгімен” өткен Жебір бастық... Эрине, жампоз да жайдары, сергек те сезімтал, адал да азамат бастықтарымыз да болды.

Сөйтсе де Сейдахмет ағаның жөні мүлдем ерек. Жігіттердің еңбегін дер кезінде бағалап, ынталандырып, ретті тұста мақтап, арқасынан қағып отырады. Орынды өзіл-қалжынды өзі ұштап, еркін ойды ешқашан тұсауламайды. Осы орайда өзім күә болған ақиқи штрихтардың кейбірін қыстыра кетейін... Қолы қалт еткен мезетте бөлмелерді шетінен арапап жігіттермен әрқылы тақырыптар төңірегінде әңгімелесіп, бөлімдер дайындалған жатқан мақалалар жөнінде ой-пікірлерін пісіріп, жазылмай жүрген көкейкесті дүниелердің өзін күнілгеріден сараптап үлгеретін. Бөлімдердің жарыстарын уақыт суыттай әлсін-әлсін өткізіп тұруды да тамаша әдетке айналдырыған. Дөңгелек датаны, я болмаса күнтізбедегі қызыл күнің күтіп отырмaston-ақ қызықты идеялар мен ойлардың көрігін қаузадан әсте жалықкан емес. Мұндайда қыстырма анекдоттары мен үлкен әдебиетке катысты пікірлерін де жас қаламгерлермен бөлісетіні бар. Бірде өз замандасы жазушы Қалихан Ысқақовтың творчествосы сөз болғанда Сәкен қордалы ойын былайша бейнелеп түйіндеғен:

— Мәселен, ұлы Мұханның — Мұхтар Әуезовтің бір туындысынан сездірмей екі-үш сөйлемін ойып алып тастав көрініші. Зер салмаған әркім-ақ жөпелдемеде ештеңе байқай қоймайды. Ал, мына Қалиханның бір сөйлемін ойып алсан өзге сөйлемдері орнынан сұрып тастаған кірпіштей “шоқырактап” шыға келеді. Біздің Қалихан тірі классик кой.

Әңгіме дүкені үстінде осы жайларды еске түсірген жазушы Жұмагұл Солтиеваның бұл пікірін журналист, өнертанушы ғалым Сауытбек Абрахманов толықтыра түсінен.

— Ғажап, ойлар тоғыса береді екен-ау! Сәкенің айтқандарын осыдан ширек

ғасыр бұрын Оралхан Бөкейдің аузынан естіген едім, – деді танырқай. – Журфактың екінші курсында оқып жүрген кезім. “Ленжастың” әдебиет бөліміне бара қалып едім. Орағанының белмесінде біраз жігіттер шоғырланған. Ұмытпасам – Сағат Әшімбаев, Кәдірбек Сегізбаев, Жакау Дәуренбеков, Төлен Қаупынбаев... Эңгімелерін айтқызыбай-ақ ұға қойдым.

– “Менің ағаларымның” тілі өте шұрайлы...

– Жалпы Қалихан келешекте талайдың аузын ұрады.

– “Бұқтырма сарыны”, “Менің ағаларым” секілді повестерімен-ақ әдебиеттен өз орнын ойып алады.

– Сөз жок, түбінде классик болады. Тілі – көркем, ойы – тұнғиық.

Каламдас әріптестерінің мактау лебіздеріне айызы қана қоймаған Оралхан ежелгі әдетінше жымия әрі мырсылдай шегелеп сөйлеген:

– Қалихан қазірдің өзінде классиктер қатарында. Тілдерін бармай-ақ тұр-ау. Кәне, қайсыныз айтасыз “классик емес” деп.

Әрине, ешқайсымыз да үндей алмадық.

Сейдағаның бойындағы тамаша қасиеттердің бірі – өз қарауындағы қызметкерлердің жасына, лауазымына қарамай әрдайым тен құрметтеуі. Ойындағысын зекімей, шұқымай жеткізеді. Қысқасы әр әдебі – өнеге.

...Кезінде газеттің бүкіл шығармашылық ұжымын титықтаткан оқиға – СССР-дің жаңа Конституциясы. Сталин Конституциясынан кейінгі Брежnev дәуірінің Ата Занының жобасын баспасөз бетінде талқылау ұзакқа созылған. Барлық жауапкершілік, барлық құш “Ленжаста” насиҳат бөлімінің иығына түсті. Бөлім менгерушісі Әшірбек Қөпішев, әдеби қызметкері Алпысбай Шымырбаев. Жоба жарияланысымен көлденен жұмыстың бәрін уақытша ығыстырып, тек талқылауға байланысты үлкенді-кішілі материалдарға жасыл қөше ашылған-ды. Сөйтсе де өз аяғымен келетін мақалалар жоқтың қасы. Әр сала бойынша, әр құрылым бойынша авторлардың мақалаларын тікелей бөлім үйімдастырады. Жергілікті тілшілерге арнайы тапсырмалар беріледі. Қаламының желі бар ақын-жазушыларға толғаныстар, көсемсөздер жазу жүктеледі.

Әрине, осынау қыруар жұмыстарды үйлестіріп, құн сайын газеттің тұтас бір бетін шығару оңай емес. “Қырсыққанда қымыран іриді” демекші, аяқ астынан тайғанактап құлап қалып мертіккен бөлім менгерушісі Әшірбек ауруханаға түсті. Бірер құн болса жөн, айларға ұласқан. Ендігі жерде барлық шаруаны Алпысбай жалғыз өзі атқармақ. Ісіне мығым, кай тапсырманы да мық шегедей тап-түйнектай етіп орындағытын ол еш абдырамай, мұрнынан шаншылып жұмыс жасайды. Ерте келіп, кеш қайтады.

Журналистік кесіпке каршадайынан құмартқан Алпысбай төртінші сыныпта жүргендеге-ақ “Қазақстан пионері” мен “Лениншіл жасқа” мектеп өмірінен бұркыратып жазатын. Бала-тілшінің қадамын көптен бакылап жүретін Сейдахмет оны студент кезінде қызметке қабылдаған. Ә дегенмен қабілетті жігітті газеттің ең ауыр бөліміне отырғызыды. Насихатпен, саясатпен айналысадын бөлімде шындалуын талап еткен. Аз мерзімнің ішінде кешегі юнкорр Алпысбай да өзіне жүктелген міндеттерді жақсы игеріп алды. Мұны қыығы қиядағыны шалатын редактор да анық байқаса керек. Үнемі лездемелер мен жоспарлау үстінде: “Біздің Алпан еліктің асығында болғанымен, әр ісі құлжаның сақасындаи корғасын ғой” деп мактап отырады. Бұл пікірін, әсіресе, Конституция жобасын талқылау кезінде жиі қайталап, ойын серпілтіп, бойын сергітіп жігерлендіретін. Құндан әдетінше кешкі бес-алтының арасында кабинеттерді аралап, жігіттермен өзіл-оспақ, қысыр әнгіме айттысып енсе көтеретін Сейдахмет аға Алпысбай отыратын бөлменің есігін ашады:

– Ойбай-ау, Алпан, алтыдан асты емес пе? Әлі танауыннан тіреліп отырсын ба?

Халың қалай? Әбден шаршадың-ау, өзің! Біл-ем, бі-ле-е-м... Сәл шыда, талқылау да аяқталып қалды фой. Бастығың да больничныйдан шығар. Сонын тұра он күнге Балтық жағалауына командировкаға жіберем. Жақсылап бір демалып келші...

О заманда қазіргідей шет елге шығу қай-д-а? Сәкен жұмысымен дара көрінген журналистерді есебін тауып Мәскеуге, қыырдағы Балтық елдеріне сыйлық ретінде ынталандыру сапарына жіберіп алатын.

— Сәке, өзіңіз білесіз. Мына Конституция деген сең келіп соқпағанда бәрін де үйіріп әкетер ем. Оның үстінен капитан да жоқ. Мертігіп қалғанын көрмейсіз бе? Әуелде есендіреп қалғандай болғаным шын. Дегенмен, кемемізді кайырлаттай, қисайтпай штурвалды нық ұстап келе жатқандаймын, — депті үнемі бейнелеп сөйлейтін Алпысбай.

Шәқіртінің орынды әзіл жауабына риза болған Сейдахмет аға қарқылдап күле беріпті, күле берілті.

Жақсы адамның артынан қашанда жақсы сөз ереді. Ленжастықтардың арасынан Сәкен туралы бөгде лепес естіген емеспін. Ешкім де періштемін дей алмайды. Пенделік мінездер, оғаш қылыштар кез келген жаңынан табылса керек. Алаулаған жүректердің ұсын барынша шаттыққа бөлеуді ойлайтын ол ұжымды реті келген мезетте күлкіге кенелтіп отырады. Соның шынайы бір көрінісі төмөндегідей...

О кезде жастар басылымы “Лениншіл жас” газетінің алқа мүшелерін, бөлім менгерушілерін кіші ЦК-да, яғни Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінде бекітетін. Осы дәстүрмен Мағира Қожахметова студент-жастар бөлімінің менгерушісі, Жақау Дауренбеков комсомол тұрмысы бөлімінің менгерушісі әрі редколлегия мүшесі етіп тағайындалып, қарымды қос журналист ЦК-да бекітілуге тиіс болды.

Идеологияны басқаратын үшінші хатшының, сонаң соң бірінші хатшының алдынан өтеді екен. Алдын-ала дайындау үшін бөлім нұқсаушысы екеуімен әңгімелесіп, өмірбаяндарын нақтылайды. Жауапты жігіт екеуінің жазғандарымен де, мінез-құлықтарымен де жақсы таныс, қанық-білік екендігін сездіреді. Әңгімелесіп болып, сонына қарай қипқатап отырып жас журналистерге өзінің ескертпелерін жүқалап аңғартады. Жақау мен Мағираға қарап:

— Жақа, осы кундері уақытша сақалынызды ала тұрсаныз болар еді. Ал, Мәке, сізді жақсы білемін фой. Бетің бар, жүзің бар демей мақалдан қойып қаласыз. Секретарлардың қабылдауы кезінде байқамай ашы “мақалдарынызды” айтып қап жүрменізші, — деп өтінеді.

Жақау сақалын сипалап, Мағира “Ну и нү...” деп қойып, сырдайы әңгімеге сылқылық күліп редакцияға келеді. Келсе, лездеме өтіп жатыр екен. Бұлар отыра бергенде телефон шылдырап трубканы Сейдахмет аға көтереді. Сабырмен тындаған Сәкен: “Жарайды, тусінеді фой” деп жылы сөздер айтып биязы қоштасты. Сөзді шиырып, ойды іріп сөйлейтін Сәкен артынша шик-шик етіп күле отырғандарға қарап:

— Жігітер, өздерін де естіліндер фой? — дейді көнілді келбетін өзгерпей.

Лездемеге қатысып отырғандар жапырыла уіллесіп:

— О не? О не? — деседі.

Сонда редакторымыз жадырай жымышып:

— ЦК-ға бекуте Мағира мақалсыз, Жақау сақалсыз баратын болды, — дейді.

Партияның сенімді ізбасары комсомолдың да тәртібі қатал еді-ау, қатал.

Редакторымыз журналистердің әлеуметтік жағдайына да ұдайы көніл бөліп айрықша мән беретін. Әсіреле, қаламакы мәселеесіне келгенде өте талапшыл болатын...

Жауапты хатшы, белгілі журналист, аудармашы Мәткерім Әкімжанов кезекті

еңбек демалысына шығатын болды да, маған өзінің орынбасары ретінде өткен ай мен алдағы айдан қаламақысын қоюдың тәртібін үрретті. Он жол хабардан бастап, көлдей кесілген очеркке дейін тәптіштеп, редколлегияда бекітілген гонорар шкаласымен таныстырған.

— Жігіттерді ренжітте. Шаман жеткенше әділ бөлсен жетіп жатыр, — деп кадап ескерти.

Басымды шұлғимын. Бұған дейін де екі-үш мәрте тікелей бастығымның жаңында отырып қаламақы қоюдың есеп-қисабымен танысқаным бар. Әуелде маған бәрі опонай көрінгендей. Сөйтсем бекершілік екен. Жеме-жемге келгенде азын-аулактын-тебенді тұтас бір-екі бетке тізілген фамилияларға бөліп шығу – қияметтің-қияметі. Шотты қолға ұстаған сәтте байқадым. Біріне көп, біріне аз. Кейбір материалдардың көлемі, етек-жені кең пішілгенімен дәні мен дәмі шамалы. Керісінше, кей дүниелер кіп-кішкентай көрінгенімен салмағы қорғасындей. Әр мақаланың сонындағы жаңарлары мөлтілдеп тұрған таныстарымның жағдайларын да іші құргыр сезеді. Қаламақы машақатына малтығып отырғанымды анғарғандар: “Осы жолы реті келіп тұрғанда басынқырап қоярсың” дегенді ашық айтпаса да, әлсін-әлсін сығалап жүргенімен сездіреді-ай.

Бухгалтерия баспахана құзырында. Сондықтан есеп-қисап төнірегінде билік айтып, бұйрық беруге құқылы. Автордың өз үлесі, аппаратта жұмыс істейтіндердің өз нәпақасы бар. Зандастырылып, процентімен бөлініп қойылған. Оны қатаң сақтамасаң редактор қол қойып бекіткен қаламақыны қабылдамай қайтарып жибереді. Мәткерім көкемнің бірер мәрте мұрнынан шанышлып, бірін алғып, бірін қосып әбден әбігерге түсkenін көзім көрген. Айтпакшы, о кезде қаламақы айна екі рет берілетін-ді. Амал жок, көну керек, үйрену керек. Оның үстіне қазаның күлағын ұстай – әжептәуір мәртебе. Ұятка қалмау жағын ойластырып, жігіттердің дені үйлеріне қайтқаннан кейін емін-еркін жалғыз отырып, түннің бір уағына шейін шотты шыртылдатып, есеп-қисапты мұздай ғып дайындастырып. Ендігі үлкен сын – Сейдахмет ағаның алдынан өту. Ведомстъ шекесіне “бекітемін” деп кол қоюы тиіс.

— Кәне, гонорарың дайын ба? Тастан кет, қарап шығайын, — дейді маңғазғана.

Біраз уақыттан соң шақырады. Қылпылдаپ ұшып барамын. “Қай жерінен мұлт кеткенімді ескертер ме екен...” Жоқ. Есіктен кірген бойда күлімдей көп ойларын анғартты:

— Жарайсың! — дейді балаша қуанып. — Қаламақы саясатына өте сақ болған жөн. Гонорар дегеніміз жігіттердің мандай тери, адал енбегі ғой. Журналистің тесік қалтасы қашан бүтінделген?! Қалталары бұлтиған, мүйізі қарағайдай ақын-жазушыларға да ақша артықтық етпейді. Тек кара қылды қақ жарғандай әділдікті естен шығармасаң жетіп жатыр. Біреудің өзі, біреудің көзі жақсы. Ен бастысы, қаламақыға жерлестік, таныстық, достық журмейді. Мен ерінбей-жалақпай бүкіл тізімді сүзіп шықтым. Есеп-қисабың дұрыс. Әзірге біреу-міреуге бүйрекін бұрып, іш тартқаның байқалмайды. Осы қалпынан тайма. Өмірдің өзі – білгенте үлкен есеп-қисап. Содан жаңылмасаң сенің де, біздің де жузіміз жарқын.

Сәкен бұл пікірін ұжымдағы басқосуларда, лездемелерде әлденеше рет қайталаған. Рас. Әуелде сөз төркініне жете зер салып, терен мән бермегенбіз. Сөйтсек...

## 9.

Жадыдан жоғалған жылдардың көмескі ізіне үнілген сайын Сейдағана тікелей қатысты оқиғалардың жанғыруы бек мүмкін. Сол сүле суреттердің кейбірін өнеге өрнектері ретінде өргенді жөн санадым... Сонымен...

Ақын, облыстық газеттің қазанында қайнап-піскен Серік Тұрғынбеков республикалық жастар басылымының Торғай, Қостанай өнірі бойынша өз

тілшісі қызметіне бекіді. Өзін қаршадайынан сайын даланың бұла киігіндей еркін ұстайтын, әрі “ақын” аты бар жас тілші редактор Сейдахмет Бердіқұловтың шегелеп айткан тапсырмаларын қойын дәптеріне қаттап, түртіп алғып, Орталық комсомол комитетінің жауапты бөлімдерінен де қамшы салдырмай өтеді. Сөйтіп барып редакцияға тілеуlestері мен әріптестеріне мезіреті жасап, жолашарына дейін ұмытпай аппараттағылардың батасын алады. Ақжарқын, сері Секен Арқалыққа аман-есен жетіп, Тын өлкесінің тіршілік-тынысын боратып жазады. “Күлшелі бала сүйкімді” демекші, жазғыш тілшілерді бастық та басқалар да жақсы көреді. Лездеме үстінде Сейдаған:

— Мына Серіктің қадамы қуантады. Тәуір жазып жүр. Қанша дегенмен ақын емес пе, үлкенді-кішілі мақалаларында, очерктерінде кан бар, ізденіс бар. Таптаурындықтан әзірге ада. Топырағына тартқан. Анау Сыrbай, Faфу ағаларынша көследі. Saғat, сен осының бәрін жеткіз тілшілеріне. Қашанғы тоқпақтай береміз. Алыста жүргенде, жалғыз жүргенде көнілі өсіп, марқайып қалсын. Өзге болбырап, ілініп-салынып әрен құн өткізген тілшілеріңе үлгі болсын, сабақ болсын. Бізге “Комсомолканың” Песковы, Головановы демей-ак, осы Тұрғынбековтей жазса жетіп жатыр.

Талғампаз да, ақсүйек Сейдағана не болса, сол ұнай бермейді. Жігіттерді сирек мақтайды. Олардың дандайсып кетпеуін де ескеретін тәрізді. Көнілі көл редактор Арқадағы тілшіні осылайша жер-көкке сыйдырмай мақтаған.

Лездемеден шыққан бойда редактордың орынбасары, облыстардағы тілшілерге тікелей басшылық жасайтын Saғat Әшімбаев Арқалыққа телефон соғады. “Осылай да, осылай” деп бар жағдайды үтір, нүктесін қалдырмай жеткізеді.

“Жақсы сөз – жан семіртеді”. Бір аптағай отыrsa үтге, сыртқа шықса көшеге симай төбесі көкке сәл-ак жетпей қалған Серік ойындағы еki-ұш материалды тездетіп бітіріп, поштаға салып жібереді. Осы әсермен үнемі қашқақтап, тек Saғatпен қана тілдесіп жүретін ол тікелей редактордың телефонын тереді.

— Ал-ло... Кім керек еді сізге? – дейді хатшы қызы Фазиза сызылып.

— Сәкен орнында бар ма? – дейді Серік еркінси, әншайіндегі сыпайы әдетін ұмытыңқырап. — Мен ғой, Арқалықтан – Серік. Қоса қойшы тездетіп.

— Aға, сізді Арқалықтан Серік сұрап түр.

— Иә, Серік хал қалай? Не жаңалық?

— Бәрі жақсы, Сәкे. Мен Алматыға сессияға барушы едім. Соған өзінізден... рұхсат... сұра-йын...

Қапелімде ойында ештене жок редактор өзі мақтап жүрген жігітіне хош көнілмен:

— Өй, сен, Серікжан өзін депутат па едін.

Күмілжіген Серік екпінін басып:

— Aға, мен әлі ҚазГУ-де сырттай оқымын ғой, – дейді.

Ақиқатын айту керек, адамдар құлық-сұмдықты жүре үйренеді. Пәк кезінде ештенеден хабары жок пенделердің дені өмір сынғынан сүрінбекісі келеді.

Зәйтун ағашындаған мәнгі жас ұянын арманшыл, елгезек кыз-жігіттерді тәрбиелеудегі өнегесі де, дәстүрі де мүлдем бөлекше. Әсіресе, студенттік аудиториядан жастар газетінің табалдырығын имене аттаған өршіл өрендер лапылдал жүріп өмірдің ашысы мен тұщысын катар бастан кешіретін. Баршаға тән құбылыс – пәтер жок, жатақхана жок. Сонда да мұңаюды, мұқалуды білмейтін лениншілжастықтар бір қолымен қаламдарын тербел, екінші қолымен бесіктегі бөбектерін тербейтін.

Төл басылымдарына адал олар өз шаңырақтарында інгәлаған сәбілерінің есімдерін газеттің айдарларымен, яғни рубрикаларымен атауды үрдіске, тамаша

бастамаға айналдырған еді. Сейдахмет аға «Біздің рубрика-балалар» деп әрдай мерейленіп отыратын.

Мәселен, осы газеттің алпысыншы-жетпісінші жылдардағы түлектері – бүгіндегі аты-жөндері елімізге танымал ақын-жазушылар Орысбай Әбділдаев кішкентай қыздарын Сымбат (спорт айдары), Қайырбек Асанов Жазира (ауыл жастарына арналған клубтың аты, кейін “Алатая аруы” атанды), Жанат Елшібек Құралай (табиғат айдары) деп атады. Сондай-ақ, Айдын, Саят, Жұлдыз, Жасқайрат, Рауан, Мөлдір, т.б. есімді рубрика-балалар бұл күнде үлкен азаматтар катарына қосылып, түрлі салаларда жемісті енбек етіп жүр.

Енбек жолымызды бастаған ыстық ортадағы мұндай өнегелі үрдіс пен ғанибелі дәстүрдің шарапатын бойымызға сінірген үлкен ұстазымыздың, ізгілікті тәлім-тәрбиесінен тамыр алған...

Журналист Алашыбай Есмағамбетов алғашкы жылдары секретариатта істеді. Макет сыйзудан еш хабары жоқ ол қағілездігінің аркасында бұл өнердің де құпиясы мен ұнғыл-шұнғылын тез-ақ менгерді. Қандай жұмысты, қай істі болсын бар ынтыштымен, ықыластана беріліп, құштарлықпен атқармасан қырық жыл қарындаш ұстасан да ештеңе бітірмесің анық. Оны құнделікті өмірдің өзінен, жанымызда жүрген жігіттердің дәрменсіз тіршілігінен байқаймыз. Сондықтан болар енбеккор Алашты Сейдаған ерекше жақсы көріп, қатты еркелететін.

Ал, Алашыбай марқұм құнделікті газеттің макетін сыйғанда, нөмірге керекті ТАСС, ҚазТАГ фотоларымен бірге, өзіміздің фототілшілер түсірген суреттерді ірікеп-сұрыптап отырып және бір мамандықты еркін игеріп алды. Қалам мен қарындаштан қолы қалт еткен сәттерінде фотоға түсірумен құлшына айналысты. Газеттің байырғы фототілшісі Сиез Бәсібеков ағасының қасынан бір елі қалмай жүріп ғажайып өнердің қыры мен сырын қиналмай, қүшенбей тәп-тәуір үйреніп алды. Сөйтіп, бірер жылдың бедерінде Қазақстандағы танымал фотожурналистердің сапына қосылды.

Айтпақшы, Алашыбайдың тағы бір қырын айтпай кетсек қиянат болар еді. Оның ұшқыр қаламы сатираға бейімдеу-тін. Әзіл әңгімелер, мөлтек юморлар мен қыска бірқақпайларын үзбей жариялайтын. Сүйікті жанрының ортақ кейіпкері Өрікайдар анқылдаған, елпілдеген, қулегеш Алаштың құдды өзіне ұқсайтындаидай. “Сегіз қырлы, бір сырлы” жігіттің қызы-келиңшектерден асып түсер тамаша қасиеттерінің бірі – үй шаруасына, әсіресе, әйелдер кәсібіне ықтиятты, шебер-ақ. Ет асып, қамыр илеп, қуырдақ қуырып, тосап қайнатып, кім үткітеп... бәрі-бәрін мінсіз орындаиды. Шіркін, о кезде қатып-семген кенес дәүірінде, қазіргідей толып жатқан байқаулар мен конкурстар өткізілмейтін. Әйтпесе, бәйгелердің біразында сөз жоқ, Алаш жаңімпаз атанар еді-ау!

Редакцияда күн сайын болмаса да аптасына бір рет қуанышты жағдайлар басымызды біріктіреді. Жігіттердің бірі сәбилі, екіншісі пәтерлі, үшіншісі жұлдегер... Қызметі есіп, кітабы шығып, жақсы очеркі жарияланып, көлік алыш... дегендей көніл ауларлық сұлтаулар біріне-бірі ұласады. Кұлық-сұмдықтан, бақай есептен ада алау жастар ортасы думанды да қызықты ғой қашанда. Мұндайға үйіткы да керек. Аккөйлек анқылдаған Алашыбай лезде табыла қалады. Әдемілеп, әшекейлеп, әспеттеп құлактандыру жазып, әріптесімізді құттықтаған “Сүйінші!”, “Бәрекелді!”, “Жарайсын!”, т.б. молнияларды шұғыл шығарып, көрнекі жерге іліп қояды. Ал ол жедел-құттықтау плакаттар міндетті түрде Алашекенің мынадай мәтел лебізімен көмкеріледі: “Құттықтау бізден, қышқылтым сізден!”.

Куаныш иесі іле жанқалтасындағы бар тиын-тебенін Алашыбайдың тұра өз қолына ұстасып іргедегі Қекбазарға жөнелтеді. Әрине, мәттақам Алаш алақанына түскен аз-маз пұлдың шашауын шығармай ұқсатып, берекелі де шырайлы дастарқан

ұйымдастырып жібереді-ай! Бұл да өнер.

Алашыбай пәтер алғанға дейін ағасы Әбекеннің – Әbdіjәmіl Нүрпейісовтің Ленин даңғылының жоғарғы жағындағы әйдік дачасында тұрды. Көрінген орыстың босағасын сығалап жүрген үйсіз-күйсіз жігіттер оқта-текте Алашекенде қонақ болып, емін-еркін көсіліп, арқа-жарқа тынышып қайтар еді. Таудың баурайында, Алатаудың сағ ауасын жұтқан журналистер әріптесінің тіршілік-тынысына қатты қызығатыны да белгілі. Мұндайда айттар Алашыбайдың мәтелі: “Көкесі кереметтің күйі де, көнілі де көтерінкі!”.

Із, Әbdіjәmіlдей көкесі бар адам кайдан көтерем болсын.

Жалғанды жалпағынан кешкен Алашыбайдың үнемі қиналып, әрі баспахрананың беттеушілерімен ұдайы керісіп қалатын жалғыз фана “проблемасы” болды. Ол өзінің аты-жөні. Материалдардың дені бір бағаналық, яғни 2,5 квадратта терілгендейктен “Алашыбай Есмағамбетов” деген сөз өмірі бір бағанаға симайды. Не тасымалданады, не екі жолға теріледі. Бұл Алашыбайға ұнамайды. Сондыктан да әзіл әңгімесін де, отыз жол хабарын да жалпақ форматпен тергізеді. Осы жайды тұрақты кім қадағаласын. Кешкісін верстка басына бір соғып кететін ол аты-жөнін қайтадан қорғасынға құйғызып әуре-сарсанға түсіп жүргені. Сондағы Алашыбайдың жымындалп тұрып айттар және бір мәтелі: “Бойым бір тұтам, ал аты-жөнім бір шақырым...”.

Аты-жөндерін, тегін онды-солды аямай күзеп, қыскартып жазуды дәстүрге айналдырған қазіргі азат дәуірде ол өз дүниелеріне қуана мынадай подпись қояр еді: Алаш Есмағамбет!

Сөз жок, солай жазар еді...

Тауларға таулар сүйеніп тұлғалана түсетінін көп жағдайда сезе бермейміз. Жастар ұясы жайында өрбітер сағынышты әңгімелер де таусылмайды. Ұсақ-түйек көрінер эпизодтар біз үшін ерекше оқиғадай саналатын. Соның біріне назар аударайыншы...

Газеттің шаруа-жастар бөлімінің менгерушісі Орысбай Әbdіldaев қаламының желі бар облыстардағы журналистерді, жергілікті тілшілерді жақсы материалдарын ұдайы болмаса да арагідік жіберіп тұруын өтініп жер-жерге телефондан әбігерге түседі де жатады. Бұл тынымсыз журналистиң тамаша қасиетін көрсете керек. Ал “Ленжасқа” шығып, оған тұрақты автор болу кез келген журналистің арманы. Өз бет-бейнесі, өз стилі бар басылымда мақаласы, репортажы, ең акыры шағын хабары жарияланғандардың жалы әжептәуір гүжірейіп-ақ қалатыны сөзсіз. Жазғыш жігіттер бөлімнің тірегі. Осындағы макатпен Орысбай облыстық “Орал өнірі” газетінің ауыл шаруашылығы бөліміне телефон шалады. Ойында ештеңе жок, әдеттегі данғұр-дұңғұр мінезіне салып, трубканы көтерген дауыска жедел тапсырма бере бастайды.

– Алматыдан, “Лениншіл жастың” шаруа-жастар бөлімінен едік. Ауыл жастарының өміріне катысты әдемі дүниелерінің болса жіберіп тұрыныз. Жалпы, көкейінізде жүрген, ойыңызды мазалаған өткір проблемалық мәселелерді жазыныз. Жарайды. Келістік қой...

Автоматша сартылдаған дауыска жөпелдемеде жауап қайтара алмай, үнсіз тыңдаған бұл сәл саябырысған кезде барып:

– Менің тікелей бастығымның өзі бүйтіп тапсырма бермейді. Айтпақшы, таныспадық қой өзі. Атыңыз кім? – дейді әзілдей.

– Орысбай!

– Қызық ат екен. Осындағы да болады екен-ая...

– Өзініздің есіміңіз қалай еді?

– Тихон!

— Ойырмай, шын айтасыз ба? Сіздің де атыңыздың оңып тұрғаны шамалы екен. Тихон дейсіз бе?

— Иә. Фамилиям – Эбділдаев. Сіз секілді ауыл шаруашылығы бөлімінде істеймін. Шама-шарқымша жазып тұруға үде берейін. Біз үшін республикаға көрініп жату – үлкен құрмет емес пе. О жағын түсінемін гой, Ореке.

Мінеки, “аттары оңып тұрмаган” Орысбай мен Тихон осылайша тіл табысқан көрінеді.

Елеусіз осынау көріністі ұжымның басшысы, жаны сергек Сейдаған анда-санда жігіттерге айтқызып, жадырап құлуші еді.

Ойды ой тұртеді. Жастық шағымыздың ең қызықты сәттері өткен шаңырақтың думанына кіrbің ұлатпауды діттеген мақсаты санайтын Сейдахмет ағанын көпке ұқсай бермейтін тағы бір қасиетін жаңғыруға тұра кеп тұр. Мұны оқиға күәгерінің аузынан алғаш естігенде қайран қалғаным рас. Сәкенің қалін біліп шығайын деп, үйге көтерілгенімде Бибіхан апай қуана қарсы алды.

— Кәнеки, төрлет. Келгенін жақсы болды. «Жігіттерден кімдер келді» деп сұрай береді... Залға қарай шыға бер. Мағира мен Шәрипа отыр. Өз бөлмесінде ұйықтап жаткан сияқты. Жанында Әлімбай ағасы жүр өбектеп. Біздерді онша жақтыра бермейді...

— Сәлем, Жанатик, – деді Мағира ежелгі әдетінше. – Осында, Сейдахмет ағаға бая-ғы-да ең алғаш кезекші болғанымда, шығып бара жатқан нөмірдің полосаларын әкелгенім есіме түсіп, соны жеңешеме, Бибіхан апайға айтып отыр едім. Ұмытпасам, құздің сүйк жаңбырлы құні-тін. Малмандай су болып, дір-дір еткенімді көріп, аяп кетті ғой деймін. Сейдахмет аға қызы-келіншектерді қатты құрметтейтін. Сол құннен маған беттерді үйге алғызбайтын болды. «Мағираш дайын полосаларды шофердан беріп жібер...» дейтін кезекшілік құн... Бетімізден еш қакқан емес... Бізді алақанында аялады...

— Расында, Сәкендей қамқоршы ағаны көргеміз жок. Әсіресе, біздің отбасымызға жасаған жақсылығы керемет. Оны сендер білмейсіндер, – деген Шәрипа біраз уақыт үнсіз бөгеліп, артынша егіліп жылап жіберді.

— ?

— Есінізге бір жайлар түсіп кетті ме?

Ынғайсыз күй кешкен біз басы артық ештене айтпадық. Үзілген әңгімені жеңгейдін өзі жалғаған.

— Иә, бәрі жастықтың, шалалықтың кесірі де. Эйтпесе, бүйтіп семья бол, өсіп-өнбес пе едік. Әлгінде айтқанымдай, Сейдахмет аға болмағанда әлдекашан тозтоз бол тентіреп кетер ек. Біз университет бітіреп-бітірмesten үйлендік. Алғашқы жылдары әжептәуір қиналдық. Пәтерден-пәтерге көшіп, кезбе тіршілік әбден қажытты. Үйелмелі-сүйелмелі екі бөбегіммен аядай бөлмеде құнұзак қамалып отырганым. Аскар ағаларың жұмыстан түннің бір уағында келеді. Құнара болса бір сәрі, келе-келе әдетке айналғандай. Гонорар алған қундері «жігіттермен бірге карта ойнадық» дейтінді шығарды. Өстіп қатты қиналып жүргенімде жерлес құрбым келе калып, отқа майды құйып-құйып жібергені бар. «Бұлай болмайды, жай кешігіп жүр дейсің бе? Байқа! Басы айналып қалмасын?! Одан да тікелей бастығына жолығып, шаңын қаққызып ал... ішсе, карта ойнаса... Тегін емес... «Құланның қасуына, мылтықтың басуы». Ашу қысқан қалпында балаларды әлгі қыздың өзіне ұстартым да, редакцияға зырылдан жеттім...

— Қап, әттеген-ай! – деді жанымызға такап тізе бүккен Бибіхан апай шыдамсыздана.

— Асығыстық жасағансыз...

— Сейдахмет аға қалай қабылдады?..

— Соны айтайын... Үят болды ғой, үят болды, — деді тағы да үні дірілдей Шәрипа женгей. — Менің шағымымды тыңдал оттырып, әлсін-әлсін сабырға шақырған ага ақыл-кеңесін айтып жатыр. Мен қисайған үстіне қисайып, кішілік жасамағанға ұқсаймын. Бір кездे шорт кетті. Приемныйдағы хатшы қызға деру Аскарды шакыртып алыш, дүрсе коя берсін...

— Іс насырға шаппасын...

— Солай болды да. Ойында ештеңе жоқ Асекенді есіктен кірер-кіrmesten зіркілдеп қарсы алған Сәкен ұрса жөнелді. «Сен өзің не істеп жүрсің? Күн сайын үйіне кеш бараңың. Оны қойып арақ ішіп, карта ойнаңың. Отбасыңа қоңіл болмейсің. Мен саған көрсетейін ендеше. Көзінді көгертип, қызметіннен қуайын. Пәтердің кезегінен сызып тастап, мұлдем қаңғыртып жіберейін бе? Ә-ә!..»

Ашуы өрши түскен Сәкенді «ағатайлап» құшақтап алдым. «Кешіріңіз, Аға! Әйтпенізші... Асекенің кінәсі жоқ. Бәріне өзім кінәлімін... Жүрттың сөзіне еріп, онбай қателесіппін, аға... Кешіріңіз!

Ағыл-тегіл жылап, жалынып-жалбарынып ағаны зорға сабасына түсірдім.

— Жарайды келінжан. Бұдан былай «іш-ай» дегендерінді қайталап естімейін. Газеттің жұмысы өте ауыр. Апта сайын айналып кеп тұратын кезекшілігі бар. Пленум, съездерде тұнді танға, танды тунге жалғайтынын білгейсін. Жиі-жи командаировка шығуы керек. Мінеки, журналистің жұмысы осындаі. Редакцияда екі колын қалтасына салып, қызық қуып жүрген ешкім жоқ. Қонсен де, қөнбесен де осы, біздін өмір. Бүтінгі мына әнгімені үшеуміз ғана білейік. «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» демей ме қазақ атамыз. Кәне, өкпе-реніш тұра менің кабинетімде қалсын. Алдағы күннен тек жақсылық күтіндер...

— Қатты ашуланған екен.

— Ағаң орынсыз ренжімейді. Қоңілі қалса, қайтып түзелуі қыын.

— Сәкенің дауыс көтеріп ашуланғаны да – ұлғі-өнеге...

Шәрипа женгемнің отыз жыл ішке бүккен риясыз сыры бізді де тұнғылық ойға шомдырған. Мұнайсты мезеттің бұлтын сейілткісі келген Бибіхан апай жымындаңап тіл қатқан:

— Өсекті, күнкілді, екіжүзділік сатқындықты жаны сүймейтін арыстан айбарлы ағаларыңың қазіргі «қаунары» жүрек сыздатады. Күн санап тәмендеп барады. Сонда да мойынсынатын түрі жоқ. «Тәуір бол кетемін әлі» дегенді жиі айтады. Бүкіл редакцияның қыз-келіншектерінің бойынан байқаған келенсіздіктер мен оғаш қылыштарды маған ғана ескертіп, «Бибіхан, сен өзің ренжітіп алмай, жеке-жеке түсіндіріп, ақылыңды айтып қой. Олар әлі жас...» деп отыруышы еді... Мына Мағира мен Жұмагұлды жігіттермен бірдей тен ұстады. «Түбінде осы екі тал қызым барлығының ауыздарынды ұрып, мықты жазушы болады...» Сүйікті Құләттайын да қасынан тастамай, редакциядағы ұлкенді-кішілі шаралардан қалмайтын. Қыздар мен жігіттердің куаныштарына ортақтасып, бірге бөлісуге әркез өзі ұйытқы болушы еді. Екеуі сонынан ерген жастардың ортасында қос аккудай жарасып, гүл-түл жайнап отыратын. Эрине, қызық қуғаннан дейсің бе?! Қасиетті шаңырақтың, ұлken ұжымның ынтымақ-бірлігін ойлағаннан ғой. Мен білсем, бұларға көз тиді-ау деймін. Сөз сұғы да жаман. Кім біліпті, тағдыр сиңы да...

— Иә, Сейдахмет ағаның мектебінен өткен кез келген жанның жүрек түкпіріне түйген алғысы мен рахметі мол. «Аға ауырып қалыпты» дегенді естігенде, кешелі-бері үйге симадым. Біздің осылай, ел қатарлы ұлken отбасы боп кетуімізге бірден-бір себепші Сәкене ризашылығымды білдіргім келіп еді... Қуаныштымын... Әлгінде Сейдағана сәлемдестім. Бірден таныды... Ұмытпапты, бәрін сұрап жатыр... Құлді... «Жастықта бәрі ұшырасады. Сен маған ренжіп жүрсін бе?..» Қай-да-ғы. «Жоқ!» деп мандайынан сүйдім. Ол қатты риза болған сияқты. Жәудірекен көзінен ап-анық

ұқтым...

Жөн-жосығын айтып, орнынан қозғала бастаған Шәрипа женгейдің сонынан біде ілестік...

Көніл аландару, қабактардағы түнжыр кірбен бой сергітер емес Лениншілжастықтардың екінші анасы атасын кеткен Бибіхан апайдың сезімиымда жаңғырады-ай. «Мағира мен Жұмагүл – Сейдахметтің екі тал қызы». Солай солай. Сөйтседағы өткен фасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдары қазақ журналистикасының қөнінде талантты қарлығаштар қатарында жарқырап көрінген Фермахан Шоева, Шәрбану Құмарова, Фариза Оңғарсынова, Мәкен Өсербаева, Орынкул Тәжиева, Құләш Ахметовалар да жастардың үлкен ұстазы Сейдахмет Бердікүловтың ілтипатты шарапатына бөленгені мәлім. Қандай ғанибет!

## 10.

Ол мінезге мейлінше бай. Сейтседе оның бойындағы өзара қабыспай, қыыспай жататын қылыштықтарды әркім әрқыл түсінуі де неғайбыл емес. Тіпті, тектілігін тәқаппарлыққа, парасаттылығын пандыққа, талапшылдығын тікбақайлыққа балайтындар да табылады. Мейлі?!. Әркімнің өз еркі. Ендігі бір сырдың ұшқыны өзіміз күә болған Сейдағанның ерлігі хақында шертілмек. Анызға бергісіз ақиқат кейбіреулер үшін жұмбақ саналатын жанның тау тұлғасын бұрынғыдан бетер еркештете, бийктете түсері сөзсіз. Кәне, кұлак түрініз...

Шаруашылықтарда, яғни колхоздар мен совхоздарда жыл – он екі ай бойы рет-ретімен қайталанып, бірінен соң бірі келетін науқандар болатын. Мал төлдеть, кар тоқтату, тұқым себу, шөп шабу, егін ору... Осылайша тізбектеліп, сағат тіліндегі жаңылмай айналып келеді де тұрады. Ара-арасында адамдардың бой созып, күш жинап, тыныстап алуы үшін механизаторлар күні, малшылар мен кеншілер мейрамы, сабантой секілді шараларды ойлап тапқан кенестік жүйенін тәртібі темірдей еді. Үлкен-кішінің қолдарын қалтасына салып, тектен-тек теңсөліп журмесін дегендері шығар. Қалай деніз, олай деніз көпшіліктің саясатпен, бөстеки әңгімемен, артық-ауыз сөзбен әуестенуіне мүмкіндік бермеудің жолы екені даусыз. Осындай науқандардың барысын әр қырынан жазып тұру – газеттердің төл міндеті.

Мұның сыртында пленумдар мен съездерге дайындалу, дөңгелек даталар мен айрықша оқығаларға орайластыра үйімдастырылатын шаралар кезегімен есік қағып тұрады. Сондай дубірлі мерекеге – Қазақстан Ленин комсомолының 50 жылдығына “Лениншіл жас” газетінің ұжымы да қызу әзірленген. Қунілгеріден арнайы жоспар жасалынып, түрлі-түсті мерекелік үлкен үлгідегі 8 беттік нөмір шығаруға кіріскең. О кезде жоғары сапалы қағазға, түрлі-түсті фотолармен безендірілген, оғсетті басылыммен басылатын арнаулы қосымша шығару өте сирек құбылыс. Айтулы датаның құрметіне орай жарық көретін бұл нөмірді шығару жөніндегі рұқсатты қіші ЦК үлкен ЦК-дан алған болатын.

Сонымен бір-екі ай бұрын алашапқын басталған. Жаңалыққа жаны құштар редактор Сейдахмет Бердікүлов бүкіл шығармашылық ұжымды жинап, әр бөлімге, әр журналистке жеке-жеке тапсырманы кадап шегеледі. Сөйтіп кіл сайдың тасындаі іріктелген сүрмерген журналисттер Серік Әбдірайымов, Рашит Рахымбеков, Куанышбай Құрманғалиев, Құрманғазы Мұстафин, Үріым Кененбаев, Жақау Дәуренбеков тағы басқалары өз салалары бойынша маңызды іске бөгелмей жұмыла кірісіп кетті. Орталық, ғылыми, сирек қолжазбалар кітапханаларының қорын ақтарып, шаң басқан мұрағаттарға үңілді. Небір зобалаңнан өткен республика комсомолының, оның алау жүректі жетекшілерінің өмірі мен тағдырына тікелей қатысты шерлі шежіресін қалпына келтіруге ұмтылған. Қай жұмысты да жалындағ жүріп, жарқыратып көрсетуге пейіл лениншіл жастықтар редактор мегзеген қыын

да, абыройлы міндettін үдесінен табылуды қастерлі парыз санаған еді.

Секретариаттың жігітерін, фототілшіні, суретшіні бөлек алып қалған Секен кияльында жүрген ойларын тәптіштеген. “Мұндай мүмкіндік үнемі келе бермейді. Ең алдымен, осыны түсініңдер. Бар өнерді, бар фантазияны, бар шеберлікті салу керек. Құні-тұні ұйықтамай ізденуге тұра келеді. Бөлімдер әзірлейтін материалдарды мейлінше жұтындырып, барынша көркемдеп, мүмкіндігінше назар аудараплық етіп көрсету керек. Қәне, тұра қазірден кірісіндер. Қыскасы, ғажап газет жасауымыз керек. Бұл нөмірді өзіміздің кос ЦК-ны айтпағанның өзінде, Мәскеуден, он бес одактас республикадан келетін қонақтар тамашалайды. Абай атындағы опера-балет театрында ететін салтанатты жиналысқа қатысуышыларға таратылады. Демек, сувенир-нөмір деген сөз...”

Осы ыңғайдағы ойын әуелде күн сайын ерінбей бір қайталап қоятын Сейдахмет аға біртіндеп әбіржіген кейпінен арылып, сабасына түсті. Басы бейне фантазия қоймасы дерсіз. Әлде түнімен кірпік ілмей, тың идея ойлап таба ма екен? Болашақ нөмірдің нобайларын көріп, сұлбасын сезіп қуанады. Ой кезінің қырағылығын қойсанызышы. Шимай-шатпақ макеттің жоба-нұсқаларынан бәрін анғарады-ай. Өткір жанарлары күлімдеп шыға келген. Мәз. Өз идеясының алғашқы жұқанак жүрнектарын байқағандай. Дереу үстел үстінде жатқан қаламын алып, солакай қолымен әлденені сызығылай жөнеледі. “Мына бір тұсын бүйтіп жіберсендер қатып кетпей ме?.. Былай, міне...”

Редакторымыздың талғамынан табылғанымызға біз де іштей қуаныштымыз. Басылымың байырғы суретші-ретушері Бағдат Момбеков аға, фотоқоржыны бір иығын қисайта салбыратып жіберген Съез Бәсібеков, жүргенде өкшесі еденді тесіп жіберердей макетшик Тұрарбек Бұшпақбаевтар бірін-бірі білдірмей тұртіп құттықтағансыды. Үммен ұғысады: “Сәкене ұнады!..”

“Көз – қорқақ, кол – батыр”. Екі айға жуық жан-жақты әзірленіп, специехта беттеліп, қатталған түрлі-түсті мерекелік нөміріміз сақадай-сай дайын болды. Жауапты жігіттер екі қарап, бір шоқып сүзіп шыққан. Корректорлар, олардан кейін “свежий глаз” – тың көз корректор мұқият сан мәрте қадағалап, үтір-нұктесіне дейін қалдырмай тесіліп оқыған. Орталық Комитеттің жауапты өкілдері алдын-ала полосоларды алдырып бір шолып етіп, басуға батасын берді. Бояу түстеріне, фотолар мен штрихтардың, клишелердің сапасына жауап беретін баспахана мамандары, инженерлері мен технологтары да сактықпен ақырғы рет бақылап шыққан. “Бәрі жақсы, бәрі дұрыс. Дайын нөмірді баса беруге әбден болады. Еш күмәнданатыны жок...”

Сонғы сәт. Газет редакторы Сейдахмет Бердіқұлов, оның орынбасары Болат Бодауаев, жауапты хатшы Мәткерім Әкімжанов, баспахана директоры мен бас инженер тұнгі сағат 2-де журналдар басылатын арнаулы цехта тоқайласқан. Құнұзак түрлі-түсті бояумен шығатын журналдарды кезегімен басқан жалғыз алып машина-станоктың дамылдаған тұсында “Ленжастың” қосымшасын “жүгіртіп” алмақ. Өйтпесе болмайды. Басқа еш мүмкіндік жок. Журналдардың графигі бұзылады. Бір минут, бір сағат есептеуі. Жұз мындаған тиражben шығатын журналдардың кестесін бұзу – үлкен қылмыс. Әсіреле, баспахана басшылары басымен жауап береді калың оқырман алдында. Сылтау-мылтау айтып, ыңқ деуге хақын жок. Қандай талап, қандай тәртіп!

Белгіленген уақытта монтаждалған газеттің пленка-беттері станокқа қабат-қабат орналастырылып бекітілді. Бояу реттегіштер іске қосылды. Кезекті кнопкa-түйменің басылуы мұн екен, әлем-жәлем газеттің нобайлары зырылдап станок-машинаның екінші қанатынан шыға бастады. Алғашқы “брак” нөмірлерін жыртып-жыртып тастай салған цех бастығы артынша бояуы анқыған қызылды-жасылды бір-бір

газетті қолымызға ұстатқан. “Асықпай ең ақырғы мәрте қарап шығындар. Анау-  
мына кетіп қап жүрмесін. Барлық тиражды басуға қалды...”

Сезіктенген сайын, күдіктенген сайын газеттің бір жерінен, әйтеуір, бірдене-  
сопаң етіп шыға келетіні бар. Неше тәулік шала үйқымен жүргенде еңбегіміз еш  
болғандай жағдайдың ұшырасқаны. Қолымыздағы бір-бір сигналның нөмірге  
тесіліп түрғанымызда әлгі цех бастығының екі көзі атыздай бол, үрейлі даусы катты  
естілген:

— Ойбай, орден аударылып кетіпті! Көрдініздер ме?!

Жаппай шпигельге үнілдік. Қазақстан Ленин комсомолын Ленин орденімен  
наградтау туралы СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы үлкен әріптермен  
теріліп, газеттің фирмасының жаңына көрнекі етіп орналастырылған-ды. Макет  
бойынша Жарлықтың шекесіне күн көсемнің бейнесі кескіндеген Ленин орденінің  
түймедей ғана түрлі-түсті штрихтен салынған суреті қойылған еді. Лениннің  
бет-әлпеті сол қалпы, тек солға емес, онға қарап тұр. Ал жоғары таман қызыл ту-  
жолақта жазылған әдеттегі “Ленин” сөзі “Нинел” деп оқылады. Полиграфия  
тілімен жеткізсек, штрих-суреттің негативі қорғасынға құйғанда төнкеріліп кеткен.  
Былайша өрескел ката де емес. Бірақ! Іштегі күбірді сыртқа шығара алмайсың.  
Басын тәуекелге тігіп, жүрекжұтқан адам ғана айта алады.

Бәріміз де үн-тұнсіз тұрған жерімізде каккан қазықтай сілейіп-сілейіп қатып  
қалдық. Масаның ызыны естілердей тұнгі тыныштық бүкіл ат шаптырым цех ішін  
билеп алғандай. Заматта қап-кара бол түтігіп, қуйіп кеткен редакторымыздың  
жүзіне тіке қарай алмаймыз. Барлығымыз да өз-өзімізді кінәлаймыз. Өкініш оты-  
ертеп барады. Әрқайсымыз:

— Осы кезге дейін неғып байқамадық, неғып көрмедік, — дейміз іштей езіліп. —  
Енді барлық процесті түгел қайталамаса болмайды. Сұмдық қой! Түймедей орденді  
цинкографияға қайтадан құйғызу керек. Жылдамдатқанның өзінде жарты күн уақыт  
қажет. Одан соң бояу түріне орай бірнеше қабат пленканы қайта монтаждау... Солай-  
солай... Ауызға женіл... Әйтпесе... Штраф...

Бес минутка созылған үнсіздік бізге бес сағаттай көрінген. Рені өрт сөндіргендей  
тотыққан Сейдахмет аға терең күрсінді:

— Оригиналы дұрыс болатын штрихтың. Өзім көргем. Бұл — баспахрананың,  
цинкографияның ең үлкен катесі. Біздің жігітердің еш кінәсі жок. Әрине,  
жауапкершіліктен қашпаймыз. Мұндай тамаша нөмірді болмашы нәрсеге бола  
кешіктірудің қажеті шамалы. Барлық тиражды да дереу басыныздар. Таңертең  
салтанатты мәжіліске кешіктірілмей жеткізілгені дұрыс. Әзірге барлық кінәні  
де, жауапкершілікті де редактор ретінде өз мойныма аламын. Кәне, ешқайсын да  
үрэйленбендер, корықпандар! Ең бастысы, Лениннің түрі өзгеріп кеткен жок қой.  
Міне, қарандаршы, өздерің... Жазуы үшін берілер сөгісті, айтылар ескерту мен  
жазаны мойныммен көтеріп бактым. Бәрін де екі ЦК-ға да өзім түсіндірем...

Зілбатпан жүкті иығымыздан лезде лактырып тастағандай Сәкеннің сөзі қайта  
серпілтті. Жүргегінің түгі бар ол өзі армандаған, өзі қиялдаған нөмірді қайтадан  
шыртылдатып парактайды. Қатулы қабағы жазылып, көзі күлімдеген:

— Жақсы нөмір! — деді ол жадырап. — Мұндай-мұндай “әттеген-айлар” ханның  
қызында да болады.

...Жарқыратып, алаулатып шығарылған мерекелік нөмір жүрт көнілінен шықты.  
Кішкентай кілтиппанды біреу байқады, біреу байқамады. Біреулер қате екен деп  
көзге ілмеді, ал біреулер “жерден жеті қоян тауып алғандай” мәз болды. Редакторды  
мұқатқысы келген мысықтілеулілер Сәкене телефон шалған:

— Нинел — жана орден бе? — деп.

Ондай жымысқылар мен тырнақ астынан кір іздеушілерге Сейдахмет аға:

— Сендер өздерін Лениннің жүзден астам бүркеншік аттарының бірінің — “Нинел” екенін білмеуші ме едіндер? — деп кекете мысқылдан құтылған-ды.

Калай десек те мұндай батылдық, мұндай ерлік қылышынан қан тамып тұрған сұрқылтай сұрқия заманда кез келген жаңын қолынан келмесі анық еді.

Кайран, Сейдаға! Егеулі найза едің-ау. Сұқ саусағын кезеген қызыл партияның жарамсақ жаңдайшабына сексен алтыншы жылғы желтоқсанның ызғарлы күндерінде қасқайып бас көтерген жалаңтөс баһадүр де Сіз едіңіз ғой. Ондай күндер ешқашан ұмытылмас, сірә!

## 11.

...Жана «сұқ саусақ» мәселесін айтып қалдық. Ендігі аз-кем сөз қазақтың жаңын жаралаған желтоқсан көтерілісі төнірегінде. Эу дегеннен ақиқатын айту керек, жастардың бұл буырқанған бұлқынысы жәй әшейін стихиялы түрде үйымдастырыла салған «бас көтеру» емес. Желтоқсан жанғырығы сәл-пәл бәсекенігенмен ұлт санасында қайтпас-қайсар рух символындағы өшпей дабылдан тұрары даусыз. Соның шынайы бір айғағы — қарсы біткен еменнің ірі бұтағындағы, жүрекжүтқан Сейдахмет Бердіқұловтың аузынан шықкан жалғыз ауыз семсердегі еткір ой. Оны мен ең алғаш рет Сағат Әшімбаевтан естіген едім. Әуелде оқиғаның байыбына жіті мән беріп, тереңірек үңілмегенім рас. Сондықтан да сәл іркіле тұрып, ызғарлы күндері өз көзіммен көріп, өз құлағыммен естіген көріністерді түйіп-түйіп жеткізейін...

...Сексен алтыншы жылдың желтоқсаны алматылықтар үшін ерекше сұық болғаны мәлім. Айдың алғашқы жұлдызынан бастап жауған ақша қар шаңарды қөміп таstadtы. Әдетте қалың қардың соны сақылдаған сары аязға ұласса керек. Табиғат шіркін, өз қылышынан қателеспеді. Ұлпа үрпек үскірікке жалғасып, тіпті, бірінші онкундіктің аяғында бұрын-сонды байқалмаған табиғат құбылысы өлеңкіші қайран қалдырыған. Құдды қөгілдір қөтемдегідей күн күркіреді! Шынылтыр желтоқсанда! Күннің кабағына қарап қарекет қылатын қазекем қамығып, қантарылып қалған-ды. Секем мен құдік қатар ұлаған күпті көңіл табиғаттың осынау тосын мінезін елек-екшеуге де мұрша бермегені анық. Тек іштей күбірлеп мінажат етіп, дұға оқыған үлкендер жағы. «Құдіреті құшті Жаратушы жақсылыққа бастай ғөр! Тыныштық болғай, әйтеуір!..»

Іле-шала бүкіл әлемді дүр сілкіндірген оқиға «бүрк» ете түсті. Қадап айттар жәйт Алматыдаған емес-ау, кең байтақ республикамыздың бірнеше облыс орталықтарында, бір күнде, бір мезгілде. Ереуілге шыққандардың дені — жастар мен студенттер. Максат-мұдделері де, талап-тілектері де айқын. Шерушілердің қолдарындағы транспоранттар мен плакаттарда ашық жазылған еш сөкеттігі жоқ, бұзакылық белгілері мүлдем байқалмайды. Туған ел, туған жер, Отан туралы патриоттық әндерді әуелеткен жігіттер мен қыздар, қекөрім өрендер мен лапылдаған жалын жүректер легі астананың Бас алаңына толассыз ағылуда. Алматы аспаның кернеген Қазақстан Республикасы Гимнінің «Біз қазак ежелден еркіндік ансаған», Шәмші мен Жұмекеннің «Менің елім Қазақстаным» деген ән-өлең жолдары асқақ естіледі. Мерейінді марқайтып, көnlінді тасытып, жігерінді жанитын сүйікті әуенниң сан мәрте Кремльдің жұлдызы Сарайларында орындалғаны да баршаға аян. Қызыл империяның сегіз кабат цензурасынан әлдекашан откен-ди. Сондықтан да ойында ештеңе жоқ ССРО-ның халық артисі Роза Бағланова қақаған сары аяз, қек мұзда алау жастардың ортасында бар даусымен шырқауда. Басында үкілі тақия, үстінде үлпілдеген қөгілдір көйлек. Абай данғылының бойымен ерсілі-карсылы жүйткіген жұрт қоліктерінен түсे қалып, ал жаяу жүргіншілер тоқтай қалып тамашалаған... Жұмысымызға асыққан біз де сөйткенбіз... Қаланың тұс-тұсынан үздіксіз құйылған тасқын-нөпір Фурманов көшесімен көтеріле өрлеп аланға жиналып, Бейбітшілік

көшесі арқылы төмен түсіп, жөн-жөніне тарқай бастаған... Бәрі бейбіт, бәрі ойдағыдай...

Кенет Мәскеуден, Кремльден жеткен бұйрық барлық жағдайды күрт өзгертіп жіберген. Қатып-семген кеңестік жүйенің шамына тиғен бұлдыңғыр іс-әрекетті одан сайын қөмексілетіп, тонын теріс айналдырған өктем билік құтырықы сценарий ойлап табады. «Бұл дұрыс емес. Қазақ ұлтшылдарының көкейіндегісі түсінкті. Амал біреу – бас көтертпеу керек, тайраннатпау керек. Осы орайдағы ең онай жолы – басбұзар нашақорлар мен маскүнем қылмыскерлерді аяусыз жазалаған жөн...»

Кешкілік жұмыстан қайтқан көбіміз өз үйімізге өзіміз уақытысында кіре алмадық. Айдың-құннің аманында сергелденге түсіп, Абай мен Бейбітшілік қөшелерінің қызылысында, Пушкин атындағы Орталық кітапхананың бүршынында, Қазақ телерадио қарсысындағы пәтерімізге жете алмадық. Қатты әурелеген. Қаптаған милиция, қадамынды аштырмайды. Төлкүжат талап етеді. Сенбейді. Сезіктенеді. «Не үшін, кімнен?!» Қалтамдағы «СҚ»-ның қызыл қуәлігін көрсетіп жүріп, үйіме жеттім-ау...

Сәл сабыр сақтаңыз. Оқиғаның жай-жапсарын қуәгер көзімен саралаңыз. Әсірелеу жоқ, эмоция жоқ. Кешкісін аузы-мұрнынан лықылдаған алғанға бардым. Төлкүжатым қалтада. Қундізгідей емес, ұлken-кіші бірдей жарылардай ісініп тұр. Айғай-шу, аласалыран қымыл-қозғалыс. Санқылдаған зорайтқыштағы сөздерді тыңдағысы келмеген жастарды екі бүйірден қысып, ыза-кекке булықтырған тәртіп сақшылары мен енгезердей-енгезердей жендет-солдаттардың мұздай қаруланғаны ап-анық шалынады. Қалың нөпірдің арасынан жұстанис шенеуінктердің көбін көрдім. Қызықтап жүргені, әлде қолдан-қоштап жүргені белгісі...

Түнімен даладағы шеруді үйдің терезесінен бақыладық. Шалаүйқы қалпында ertelетіп жұмысқа тарттық. Сыртқа шыққанда бірден көзге ұрғаны – кірпік ілмей аланда тұрған қыз-жігіттердің төзімдері әбден таусылған. Төніректегі үйлер мен гараждардың темір, ағаш коршау кадаларын жылан жалағандай етіп, бір-бір талдан ұстап алышты... «Қойындар, арандап қалмандар! Тәртіпсіздікке бармандар!» дегенімізде, «Өздері фой, ұстімізге су шашып, итке талатып, шеттен әкелген келімsectерге сабатып жатыр. Әділет қайда? Тәртіп қайда? Шыдамның да шегі бар...» т.б. секілді сөздерді естідік...

Қайғы-қасірет түмшалаған екінші тәуліктің сықырлаған түні нағыз бей-берекетсіздікке ұласты. Орталық трибунадан шерушілерді сабырға шақырған танымал тұлғалардың лебіздеріне ешкім де құлақ аспады. Бүкіл аланың бүршіш-бүршындағы радио нұктелерінен берілген Алматыға ғана емес, ұлан-ғайыр елімізге әйгілі зиялды қауым өкілдерінің жасанды-жалған Үндеуін түн шымылдығы түсірілген бойда алапат көрініс үрей ұшырды. Иін тірескен жыптырлаған халықты жапыраjanшып шынжыр табанды болат құрсаулы танктердің сұлбасы көрінді. Бойлары зор, бастарына каска киіп, қолдарына қалқан ұстаған арнайы жасақшылар дәрменсіз, қарусыз жастарға тұс-тұстан лап қойды. Карсылық білдірген, шыбын жанын қоярға жер таптай ерсілі-қарсылы қашқан бозбалалар мен бойжеткендерді тыптыр еткізбей талаған иттер, көше жуғыш мәшинелерден сұық сүмен атқылап сағын сындырған. Амалсыздан қазақ намысын аяққа таптатқысы келмеген рухы биік жас боздақтар ағысқа қарсы жүрді...

Бомба боп жарылған жалынды да, жігерлі жастардың жандарын шуберекке түйіп, бастарын ажал қарауылына тіккені де шындық...

Екінші күні түске таман редактордың бірінші орынбасары Сарбас Ақтаев кабинетіне ұжым коммунистерін шақырып алғып, дереу киініп Фрунзе аудандық партия комитетіне баратынымызды ескертті. «Жаяу-жалпылай шұбырып екі-үш аялдамалық жердегі райкомға құрап ұшып жеттік. Аудандық партия комитетінің

жауапты қызметкерлері ушырып тұрған жағдайды қысқа ғана түсіндірді. Жастар мен әскерилердің абайсызда қақтығысып қалмауына жол бермеу керектігін, дәнекер болудың қажеттілігін ескерткен «Партияның тапсырмасы мынадай. «Коммунист жолдастар, аландары бұзакыларды қүшпен тарататын болдық. Қолдарына бір-бір арматура таяқты ұстаныздар. Қыз-жігіттерді қынадай қырып, алаңнан қызып шығу керек!..» Райкомның ауласында тау болып үйілген темір-терсекке ертіп келді. Мұны көрген Ақтаев анырып, тәбе шашы тік көтерілген. «Жоқ, болмайды!» деді. Оның сөзін өзгелеріміз де қолдан шықтық: «Сөке, өзіңіз барып бірінші хатшымен сөйлесіңіз...» Солай болды да. Ашу-ыза буған бәріміз іле редакцияға оралдық. Кеудемді кернеген кекті үн әлі қүнге жаңғырып түрғандай. «Мұндай да қатыгездік болады еken ғой!»

Елді «ah» үрғызып, сен соққан балықтай есенгіреткен екі күн де өте шыққан. Кешкін Балқаштың жағасындағы ауылым Байшегірден сексеннің сенгіріндегі әкем телефондады. «Айналайын ботам, амансындар ма, халдерін қалай? Құлыншақтар жақсы ма? Өзі, Алматында не болып жатыр? Қысқы соғымынды жылдағыдай апарып берем бе деп едім. Бізді Талдықорғаның автостансасында екі күн қамап ұстап, Алматыға жібермей қойды. Сендермен де хабарластырмай, екі тәулік бойы ешқайда шығармай, тұсаулап тастанды емес пе?! Бұғін өйтіп-бүйтіп кері кайтып, ауылға зорға жеттім. Эйтеуір, аман болсандар жарады. Кәнеки, трубканы шешене берейін. Даусынды естігісі келеді...» О заманда қазіргідей ұялы байланыс жоқ. «Зу» еткізіп соткамен айта салатын. Бәрі-бәрі түсінікті. Ызғарлы қундердің тыныслуппілін боямасыз қаз-қалпында сездіргенім ғой...

Ұлы державаның іргесін шайқалтқан желтоқсан көтерілісін бүркемелеп көрсетуге үмтүлған кенестік жүйенін жандайшаптары өз бет-переделерін байқатып-ақ алды. Ауыр зардаптың себеп-салдарына жітірек үнілудің орнына жаны мен рухы жанышыған қазақ жастарын жөн-жосықсыз кінәлау науқанын оқиға аяқталар-аяқталмастан бастап жіберді. ЦК комсомолдың мәнгүрт идеологиялық үлбіреген, қайсар да өзет қыздарды жазықсыз масқаралап, «Мен олардың шаштарын бір талдан жұлар едім» десе, үлкен ЦК-дан келген жауапты өкіл: «Аландағы жастардың басбұзар қылықтарын данғазаға айналдырудың қажеті шамалы. Желекпе жігіттер мен қыздар арттарын қызып, тыныш отыруы керек еді. Ал оқыс оқиғадан екі-ақ адам мерт болды. Осы жайды естерінде сақтағайсындар» деп уағыздағаны күні кешегідей есте. Мұндай сатқындыққа не дерсіз?!

Мінеки, жоғарыда көз көрген көріністің қысқаша хроникасынан үзік-үзік штрихтар. Мұның баршасын Сәкен де өз көзімен көрген-ді. Өйткені, Сейдахмет ағаның үйі де алаңның бір қанаты саналатын Фурманов көшесінін бойында, Абай даңғылының қылысында еді. Бәрін-бәрін бейне кинокадрағыдай терезесінен «тамашалаған» еді. Оны кейін де талай мәрте еске түсіріп, ет жүргегі езіліп-еніреп айтушы еді...

Республиканы отыз жыл басқарып пенсияға кеткен Конаевтың орнына аты-жөнін ешкім білмейтін, келімсек Колбинін, күштеп отырғызған Кремльдің іс-әрекетіне қарсылық білдірген жастардың талап-тілегіне құлақ аспаған билік абдырып қалған. Қасіретті құннің тегеурінді толқынынан үрейленген қалалық партия үйімі түн ортасында Саяси оқу үйінің үлкен залында, шұғыл жағдайда жиын өткізеді. Бұл төтенше басқосуға Алматыдағы барлық ірілі-ұсақты мекемелердің тізгінін ұстаган бірінші басшылары мен партком хатшылары түгел қатысады. Күн тәртібі мұқым жүртқа әйгілі. Бүге-шігесін тәптіштеп жату артық. Коммунистердің қанға сіңген ежелгі әдеті бойынша жастардың қылықтарын әшкерелеп, талап-тілектерін таптап, ертеңгі қүнге деген сенім үмітін өктемдікпен өшіру. Әуелден Мәскеудін нұсқауымен жүріп-тұруға бейім қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Шулико бет-аузы қисаймай «Қазақ ұлтшыл!» деп көкіди.

Қызыл саясаткердің әр сөзіне бас шулғып, желе-жортып алдына бүлкілде түскен жалтақпай намыссыз бауырларымыз қоштай жөнеледі: «Сіздікі дұрыс» «Достығымызға сыйат түсірмесін», «Өнкей бұзықтар»... Қолпаштаушылар қарасын аңғара қойған бірінші хатшы еркінсіп, жымысқы пиғылын ашық айттып, саусактарын шошайтып көсіле лепіргенде қалың қөпшіліктің ортасынан саңқылдаған дауыс естілген:

— Тоқтатыңыз! Сұқ саусағынызды текten-тек шошайта берменіз...

Қапелімде не істерін білмейabdырып қалған дүйім жүрт жан-жақтарына алақатап, сілтідей тынды...

— ?..

Дандайсыған бірінші хатшының мәндайынан есендірете соққан Сәкеннің семсер сөзі бүкіл залды өзіне қаратқан-ды...

— Бәрін де бүлдіріп жүрген осы, онды-солды ербендеңген сұқ саусақ! Истің ақ-карасына толықтай көзді жеткізіп алмай, жала жабуға еш қақыңыз жоқ! Ұлттыма жүққан қара дақ маған неге жүқпауы керек! Білесіз бе, Шулико жолдас, бүгінге дейін сон-ау-у Мәскеудің төрінде, Кремльде отырған Генсекретарьдан бастап, өзінізге дейін Қазақстанды «жұз отыз ұлттың лабораториясы — алтын мекені» деп ұрандаттыныздар. Енді қалайша, бір күнде «қазақ ұлттыл» атанады?! Байқап сөйлеміз!..

Алау жастардың органы «Лениншіл жастың» тізгінін он алты жыл ұстаған, жігерлі жүректердің рухани қөшбасшысы серігіне айналған, бұл күнде «Жалын» жастар баспасының директоры Сейдахмет Бердіқұловтың өктем билікке тойтарыс берген ғажайып батыл сөзі артынша-ақ анызға айналып кеткен еді...

Бағана әңгіме баянына орай ескерткенімдей, ең алғаш күрдас-досым, «Ленжаста» қол ұстасып бірге еңбек еткен, Қазақстан телерадио мемлекеттік комитетінің Төрағасы, біртуар ұлтжанды азамат Сағат Әшімбаевтың аузынан шетжағасын естігендеге ештеңе үқпаганым рас. Соған тоқталайын. Аласапыран аптаның сонына таман, нәті сенбі сияқты. Ертелетіп үйдің іргесіндегі Телерадио кенесіне бас сұғып, Сағатқа арнайы сәлем бердім. Әншейінде жарқылдаш жүретін достың қөніл-күйі жоқ екен. Өні өте шаршаулы. Қөзі қанталап, бет-аузы іркілден шалынды. Есікті ашқан бойда «кіре бер» дегендеге ишара жасаған.

Табалдырық аттар-аттамастан жаңында түрегеп түрған жүзі таныс радионың жігіті асығыс шығып кетті. Қарсы алдында қушиып, еміне отырған етженділеу кісіні жыға танымадым. Қолымды қысқан Сағат әңгімесін үзбей, жалғастыра берді. «Бұлай болар деп ешкім күтпеген. Бұлтызың күнгі найзағайдай естілді «Сұқ саусағынызды шошайтпаңыз!» дегендеге іштен тыныш қалдық...» Әр сөзін сақтықпен, сыбырлай жеткізген. Не туралы? Кім жайында? Түсінбедім. «Қазір, сағат онда ЦК-ға баруым керек еді. Кешеден бері жөндең тө үйыктай алмадым». Қолайсыз уақытта келгеніме ыңғайсызданып, жинала бастаған маған: «Тығыз шаруан болмаса, ренжімеші. Тағы бірде жолығып кетерсін» деді...

Көп ұзамай алматылық зиялды қауым өкілдері арасында «Сейдахметтің ерлігі», «Бердіқұловтың батырлығы төңірегіндегі аңыз гүлеп кетті.

Кейінірек біздің «Егеменге» баспадан қызметкө ауысып келген белгілі қаламгер Сүлеймен Мәмметтен барлық жағдайға әбден қанық болғанымыз бар. Ол желтоқсан оқиғасы кезінде Сейдаған басқарған «Жалын» баспасында, бір шанырактың астында қоян-қолтық еңбек еткен...

Иә, зәуімде желтоқсан көтерілісі төңірегінде әрқалай әңгіме қозғала қалса, сөз жоқ, талай қатығез қызыл шенеуніктің үрейін ұшырған жүрекжүтқан Сейдахмет Бердіқұловтың аты-жөні де дабылдаш жанғырары күмәнсіз. Оның қай ерлігі де дәріптеуге әбден лайық...

Ұстараның жүзіндей жалт-жұлт еткен жалған дүние шынымен-ақ жарқылдардан тұрады екен. Төсекке таңылған ұстаздың мүшкіл кейіп сан-саққа жетелейді. Бірде алаулаған жастық шағымызға саяхат жасатса, енді бірде тұн қатып газет шығарған күндер көз алдымға көлбендейді. Енді міне, осыдан турға бір жыл бұрынғы сурет қаз-қалпында елестеген...

Алматының жүргегіндегі өнер ордаларының бірі – “Қазақконцерт” ығы-жығы, ін тірескен халық. Зиялды қауым өкілдерінің дені осында. Топ-топ үлкен-кіші. Лебіздері де, әңгімелері де ортак. Қөрнекті жазушы, спорт журналистикасының сардары Сейдахмет Бердіқұловтың алпыс жылдығын қала жүртшылығы үлкен құрметпен атап өтуде. Мерейтой иесі жөніндегі жүрек сөзі, ыстық ықылас. Эн шырқалып, жыр мен өлең төгілуде. Ақтарылған тілектерде кисап жок. Бір ғажабы, зорлықпен, құштеп айтылмағаны айдан анық. Сахна төрінде – Сейдағаң мен Құләттай женгей. Арапарында еліктің лағындағы құлдырандай жүгірген немересі, тыным таптай шауып жүр. Бірессе атасының, бірессе әжесінің тізесіне барып отырады. Періште қөніл нені сезін?! Тілек білдіріп жатыр ма, ән әуелеп жатыр ма, өлең оқылып жатыр ма? Кімнің құрметіне? Осының бәрін Сейдағанның сезімтал да, нәзік жүргегі әkkі тамыршыдай қалт жібермей сезетін секілді. Манғаз да, аксүйек аға баланың да, шағаның да лебізін іштей өзінше екшеп отыр.

Соңғы кезде өнінің өзгеше өзгеріп бара жатқанын “Ленжаспен” бірге есейіп, бірге қартайып келе жатқан сұнғыла Бағдат шал анғартқан-ды таяуда ғана: “Әй, Оралхан, Қуанышбай, сендер не білесіндер? Сейдахмет ағаларының түрі маған ұнамайды. Ауырады білем. Сездірмейді, сездірмейді-ай... Газеттің суретші-ретушері, шежіре қартымыз Момбеков Бағдат ақсақалдың айтқан әлті құдігі қөнілді сәл сәтке пәсейтіп, күмән көлеңкесін қалыннаткан. Карсы алдымызды қасқайып отырған Сәкенің жүзіне үрлана жанар тігемін. “Рас! Жок!” Арпалысқан сезікті секем ойларым иткішін түсіп жатыр. Кешті жүргізген абыз-ақын Әбділда Тәжібаев қалың қозғалынегімен ақ паракқа тесіліп, санқылдан арнау өлеңін нәшине келтіре байсал окуда. Сейдағанның сарғыш тартқан сұрғылт дидарына қозім түсіп кетті. Селк етпейді-ау, селк етпейді... Дауыл-ақын өлеңін күркіретіп оқып жатыр, оқып жатыр... Аға ойлы да, мұнды жанарын төнірегіне тастанап, көз киығы жеткен тұска дейін бәр-бәрін барлайды. Құдды турға қазіргі қөніл күйі өзі жазған “Мұңайып оянған қала” тәрізді көрінді.

Салтанат сонында мерейтой иесі сөйледі. Аспай-саспай, лепірмей жиналған жүртқа жүргегінде құндақтаулы лебізін білдірген...

Кеш аяқталмастан залда отырғандар сахнадағы Сейдағандың ілгері жылжытпай алқалап, қоршап, қаумалап алды. Қалың нөпір топты мұжарғыштай жарып лениншілжастықтар Ырым Кененбаев, Әшірбек Көпішев, Мағира Қожахметова, Жарылқап Бейсенбаев, Жақау Дәүрөнбеков, Жақыпжан Нұрғожаев, Жұмагул Солтиевалар жеткен бал-бұл жаңып.

– Бұлар кімдер, қай облыстан, қай ауылдан келгендер.

Әзіл аралас қағытпаға сол мезетте:

– Біздін рухани әкеміз – Сейдахмет Бердіқұлов. Ал руымыз – “Лениншіл жас”, – деді Мағира мұдірмей.

– Иә!

– Дұрыс айтады!

Құшағын айқара ашқан Сейдахмет аға бәрімізді бауырына басып тұрып:

– Мынадай шәкірттері бар, мынадай ізбасарлары бар мен шын бақыттымын! – деді.

Ұстаз жанарындағы мұн енді ғана сейілгендей, ерекше күлімдейді. Шаршаулы кейпі де әлгіндеңгідей емес, алаулап тұрған еді...

### 13.

Қас-қағымдық мезет менің есіме Сейдахмет ағаның қылыштай қылышылдаған қырық жасын түсірген. Мамыражай мамырдың малынып тұрған сөулелі шағы. Жаңалыққа құштар лениншілжастықтар құнделікті нөмірді жұтындырып шығарумен бірге, тағы бір аса маңызды міндетке ынтыға, ықыластана жұмылған. Шамасы, бір айдың о жақ, бұжыраған жігіттер шаруаны дөңгелентіп, тастай етіп орындағы-ау. «Ең бастысы, Сейдағаның өзі сезген жоқ. Бұдан артық сюрприз болмас, сірә!»

Оз істеріне көнілдері толып, мәз-мейрам масайраған олар бар өнерлерін салып жасаған қабырға газеттерін қашан, қай кездे іліп қою керектігі жөніндегі көп толғанды. Әзірге бөгде біреу-міреудің көзіне шалынбағаны дұрыс. Іргедегі баспахана мен басқа газет-журналдардың түнімен жортып жүретін кезекшілері байқап қалмауы жөн. Сонымен, жауапты тапсырма редакцияның суретшісі Бағдат аға мен фототілші Сиез Бәсібековке жүктелді. Екеуі бір күнгі үйқыларын қылыш, күн шықпай келіп жетінші қабаттағы «Ленжастың» ұзын дәлізіне қатырып іліп қоятын болды. Өйткені, ертең 9 мамыр – Сәкеннің туған күні. Кім біліпті, мүмкін, о кісі өте ерте келіп қалса, «тосын сыйымыз» жарқырап тұрсын.

- Дұрыс!
- Табылған ақыл...
- Уәделеріндегі тас қыламыз. Саспандар!

Расында ғажап күн «Ленжастың» шаңырағын бөлекше шаттыққа ораған. Қундегі әдепті бойынша лифтіні күтпей, баспалдақпен жоғары көтерілген Сейдахмет аға жетінші қабаттан естілген дабыр-дұбырға елеңдеп, сәл-пәл бөгелінкіреп қалады.

— Таң аттай Мұртазаев неғып жүр біздің этажда, – дейді өз-өзіне күбірлеп.

Жапа-тармағай әлем-жәлем фотолармен, түрлі-түсті өзіл-оспак суретштрихтармен безендіріліп, өлеңдермен өрнектеліп, жүректен шыққан ақжарма лебіздер мен құттықтаулар-тілектер толтырылған алыш қабырға газетіне үнілгендердің дауыстары жарқын-жарқын шығады...

Баспалдақтың орта шенінде кідірген Сәкеннің қырағы қызы «Жұмыр Жерде – біздің Сейдаған!» деген әшекейлел жазылған ерекше қабырға газетінің шет-жағасын шалады. Артынша мырсылдан күлгөн:

— Немене, мына Мұртазаев дос маған арнап, түнімен көз ілмей газет шығарған ба?

- Жұрт елеңдеп, шу ете түседі.
- Тұған құніңізбен, Сәкө!
- Қамал бұзар қырық жасын құтты болсын!
- Жігіттерің жарқыратып қырық құлаш қабырға газетін шығарыпты. Керемет!

Соны тамашалап, жарыса оқып жатыр едік, – деді Шерағаң достық құшағын айқара ашып. – Біз Тельман, Қамал үшеуміз тауық шақырмай тұрып келгенбіз құттықтауға... Өзің айтшы мына қызметкерлеріңе, осыдан үш-төрт жыл бүрын Мексикада өткен футболдан әлем чемпионатына кеткенінде Мехиконың эмблема-бойтұмарына сенің бейненді әдемілеп салдырған мен едім ғой. О жағын біреуі білсе, біреуі білмес...

— Сейдахмет-ау, өзіңе арналған бұл қабырға газетін, нағыз «Гиннестің рекордтар кітабына» енетін дүние екен. Мазмұны да, безендірілуі де құшті. Әсіресе, доп сұлбасындағы планетамыз – Жер шарын алшандап басып келе жатқан суретін мен қолындағы ұшы найза іспетті семсер-қаламың өте сәтті үйлесіп тұр, – деді Қамал Смаилов.

Оның сөзін іліп әкеткен көркем мінезді Тельман аға Жанұзақов:

— Гажап-ақ, «Лениншіл жасқа» тән, — деді биязы үнмен. — Жалпы идеясы үнады маған. Жаңа Камал айтқандай, фототілшін, өзіміздің Сиез қатты қиналғанға ұқсайды. «Объективіме сидыра алмай, үш бөліп әрен түсірдім» дейді ғой. Асығыс шолып өткенде байқағаным, жігіттерін дөп жазыпты. «Тіл өнерінің хас зергері біздің Сейдағаң дүниеге әкелген ондаған, жуздеген сөздің авторы...» Дұрыс айтады. Менің пайымдауымша «Адамзаттың Айтматовы», «Жұмыр Жерде теңбіл доп», «Спорт деген бір сикыр», «Рекордтар фабрикасы», «Шойындай конъки лыптып тұр», «Футболдың кара маржаны», «Жұлдыздар өмірінен сыр-жолак» т.б. секілді сіз қашаған сұлу тіркестер сөз әлемін байыта берері даусыз...

Замандастарының кіршіксіз лағыл лебіздері Сәкеңнің көңілін асқақтатып жіберген. Жүрек лупілдерін тыңдай жүріп, ұзын дәліздің о шеті мен бұ шетіне созылған ұбақ-шұбак газетті сүзіп шықкан.

— Өздеріңе мәлім, менің даңғазаны сүймейтін қасиетім. Қырық — мүшел жас емес, мереитой да емес. Адам өмірінің елеулі бір қырқасы, алдағы асуладың болар-болмас белесі. Мынадай бастамалары үшін ұжымға, жігіттерге алғысым шексіз. Мұлдем күтпеген сый-сияптар. Рахмет баршаңа! Сөйтсе де, қырық құлаш құттықтау-газетті қырық күн болмаса да, жақсылап атап өтейік. Жүріндер, кәне, біздің үйге. Күләтай да қуаныш қалсын...

— Сейдемейсің бе, одан да. Бәсе...

Сағынышты жылдар қаз-қалпында жаңғырады-ай...

Биік баға, биік құрмет әлі де аласармаған күйінде... Қандай қуаныш...

#### 14.

Бәрі-бәрі күні кешегідей. Сананы сәулелендірген қас-қағымдық сәттердің де ұзак үақыт ұмытылмайтыны белгілі ғой. Ой тербеткен сайын жадымызда жаңғырып, кеудемізді күмбірлетеңі анық. Тура осыдан бір жыл бұрын бүкіл ел Үлкен қаламгердің — Сейдахмет ағаның мүшелтойын дүрілдетіп өткізген еді. Енді, міне!.. Айтуға аузың бармайды-ау. Тіпті жүргегің сенбейді. Пәтуасыз мынау жалған дүниенің — ғапыл ғұмырдың қуанышы мен өкінішінің қосарласып жүретінін де зерделесекші. Эйтпесе, Сейдахмет ағаның қолтығында қанаттанған біз секілді шәкірттері үлайша аһ ұрып қүніренбес едік. Ал, абзал Ағаның, ардақты азаматтың өкшесін басып, ізінен ерген інілерінің өзі қаншама.

Бүгінде олардың қатарының толқын-толқын буынға ұласып отырғанын әрдайым мақтаныш сезіммен айтып журміз де. Осы бір ауыр мезеттегі көңілдегі қою қорғасын бұлтты сейілтетіні сол — кейінгі ізбасар шәкірттерінің молдығы болса керек. Ендігі жерде жаңымызға жақын ұстаз ағаның есімі бұрынғыдан да асқақтап, естеліктерден құралар екінші ғұмырының өшпейтіндігі күмәнсіз.

\*\*\*

Іә, күні кеше ғана еді. Сейдахмет ағамен соңғы жүздесу жадыдан өшер емес. 24 мамыр, сейсенбі (1994 ж) таңертенті он бірден өте біз — Нұрлан, Мыңбай аға, Ержүман төртеуміз үн-түнсіз жатқан ағаның қолын алдық. Ауыр сырқат әбден қалжыратқан. Табиғатынан ерекше қайсар жан ештеңе сездірмеген. «Сәке, жағдайыңыз қалай?» Ол қашанғы ғадетінше бейнелі тіл қатты: «Жарық дүние көзімнен бұлбұл ұшты деп жатқаным жоқ». Майда жөтел сөзін әлсін-әлсін үзіп жіберген. Әлден кейін «Елді араласам деген ойым бар...» Терезеге сүйеп койған Қонаевтың портретіне сыйырая үніліп: «Өтті дүние осылай дейміз бе?.. Депутат болмадық, Мемлекеттік сыйлық алмадық деу бекершілік... Эйттеур, халық алдында арым таза... Солар жайында жазғым келеді...» Сәкең өзі қызмет істеген «Лениншіл

жастағы» ұмытылмас жылдарды ілкі сәтте есіне түсірген. Газет макеті туралы ойларын екі ауыз сөзбен түйіндеді. Бірақ... Көп сөйлеуге шамасы келмеді... Кезін жұма берген... Біз одан әрі қинамадық...

Сейдахмет ағаның үйінен катты құлазып қайттық. Бір сәтке көнілімізге жұбаныш болғаны оның келешек биіктерді барлаған арман-ойлары еді. Кез келген қалам иесінің туындысынан автордың өзіндік мінез-болмысының, өзіндік табиғатын байқайсың. Осы тұрғыдан келгенде шығармашылық әлемінде спорт тақырыбына тұнғыш түрөн салған суреткердің дара қолтаңбасы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Басқа да көркем сөзбен кестеленген талантты еңбектері жазушының есімін келер ғасырға жалғастыра беретіні сөзсіз.

Жұмыр Жерді шарлаған егеулі наиза – қуатты қаламы қашаған бітімі, мінезі ерек ғұмырлы кітаптардың талай оқырманын тәнті етері аян. Сондықтан да Сіздің есіміңіз ұмытылмайды, аға.

Жақсы істеріңіз шәкірттеріңіздің жүргегін әрқашан аялай бермек.

### 15.

...Бейнелеп жеткізсем, алғашқы ұшқындары қағаз бетіне осыдан оншақты жыл бұрын түсे бастаған журналистика жұмбағы жайындағы хикаяттың тақырыбы жазылу барысында сан рет өзгерді. Соңғы тоқтам кездейсоқ жасалды. Ескі қойын дәптерімді актарып отырғанда жалғыз тал жыртылған күнпарақ ілінді. Бүктеуін жазып ашқанымда, көк фламастермен сүйкете салған қолтаңбаға қинала үңілдім. «Сейдахмет аға ұсынған тақырып, «Найзағай түскен егіз қайын...»

Бірден есіме түсті. Кезекті нөмірдің макетін сызып отырғанымда Сәкен хабарласқан:

—Халін қалай, Жанатжан? Кейінгі жазып жүрген табиғат құпиялары хақындағы әңгімелер шоғырың өте жақсы екен. «Ақсазандағы жылан», «Кекшіл аю» қызықты оқиғаларға құрылышты, тартымды. Жаңа пікірімді Нұрланға да айттым, редакторың Оразалинг... Ол да куанып жатыр... Алдына тұртіп қойшы «Найзағай түскен егіз қайын» деген тақырыпты. Екі-үш күннің шамасы болуы керек. Түстен кейін Құләттай жеңген екеуміз Төлебаев көшесінде сейілдеп жүргенімізде, Алматының күні табан астынан құтырып, алай-дүлей болды да кетті. Артынша шатыр-шұтыр күн күркіреп, тура біздің көз алдымызда бір түптен тараған егіз қайынның ұшар басын жай оғы жалмап, жайпап өтті. Мұндай оқыс құбылыс тауда, орман ішінде жи ұшырасады. Ал айдың-күннің аманында, қаланың қак төрінде. Өз басым қайран қалдым... Ойланып көр. Қалай жазасың, әрине фантазияна байланысты...

Әуелде қатты қызыққаным рас. Бірақ... қым-қуыт шаруа килігіп, тіпті ұмыттыра жаздалты...

Қайран, Сейдаға! Құдай аузыныңа салған шығар. Өзіңіз жайлы сыр боп өрілген, шер боп төгілген повесть атына сұранып түр-ay?! Сәл ғана өзгерттім – «Найзағай жаралаған егіз қайын».

